Сыр бойы

№90 (20164)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

17 маусым, бейсенбі 2021 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/ www.instagram.com/syrboyi_kz https://twitter.com/syrboyi t.me/syrboyi_kz

2 Қалыпты тіршілікке қайта ораламыз десек...

3 Коммуналдық қызмет ақысы да қымбаттай ма?



5 Жырлау үшін жүрек керек асылы

8 Қызыл гүлді дәптер

ЕКПЕ АЛ!

Вакцина: қарқынды күшейтетін кез келді

Еліміздегі эпидемиологиялық ахуалды бағалау матрицасында кешегі жағдай бойынша «қызыл аймақта» Нұр-Сұлтан қаласы тұрса, Атырау, Батыс Қазақстан және Қарағанды облыстары «сары аймақта». Қалған өңірлер «жасылда».

Айнұр БАТТАЛОВА, «Сыр бойы»

Республика бойынша 2587884 адам вакцинаның I компонентін салдырса, II компонентпен қамтылғандар саны 1480309 адамды құрады. Бұл туралы ҚР Денсаулық сақтау министрлігі хабарлады.

Коронавирустың таралуына қарсы ведомствоаралық комиссия әлемдегі эпидемиологиялық ахуалға шолу жасады. Мәселен, 13 маусымда Колумбияда індет жұқтырғаны анықталған науқастар арасындағы өлім-жітімнің ең жоғары көрсеткіші тіркелген. Бір тәулік ішінде инфекцияның 28519 жағдайы анықталып, 586 адамның мерт болғаны расталды. Мемлекетте бүгінге дейін барлығы 3,7 млн адам коронавирусқа шалдықса, олардың 96 мыңға жуығы қайтыс болған.

4-бет

ПРЕЗИДЕНТ

«ҒЫЛЫМИ ЫҚПАЛДАСТЫҚТЫ НЫҒАЙТУ ӨТЕ МАҢЫЗДЫ»

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ислам ынтымақтастығы ұйымының (ИЫҰ) ғылым және технология жөніндегі екінші саммитінің ашылу рәсіміне бейнебайланыс арқылы қатысты. «Ғылым, технология және инновация: жаңа белестерге жол ашу» атты тақырып бойынша өткен жиынға Біріккен Араб Әмірліктері төрағалық етті.

Қазақстан Президенті ИЫҰ-ның ғылым және технология жөніндегі алғашқы саммитінің төрағасы ретінде сөз сөйлеп, Біріккен Араб Әмірліктеріне және ИЫҰ Бас хатшысына виртуалды саммитті ұйымдастырғаны үшін барлық делегацияның атынан алғыс білдірді.

Қасым-Жомарт Тоқаев қазіргі жаһандық сын-қатерлер туралы айта келіп, ИЫҰ мемлекеттері мен жалпы әлемді тұрақты әрі өркендеген болашаққа қол жеткізу үшін үйлесімді іс-қимылдар жүргізуге шақырды.

Мемлекет басшысы ислам әлемі ғылыми ой-сананың негізі болғанын еске салды. Оның пайымдауынша, Ұйымның қазіргі тарихи міндеті – өмірден өткен ұлы тұлғаларға құрмет көрсете отырып, ғылыми ілгерілеу жолымен алға қадам басу. Президент ұлы ойшыл Әбу Насыр Әл Фарабидің 1150 жылдығының атап өтілуіне орай ИЫҰ-ға мүше елдердің Сыртқы істер министрлері кеңесінің 47-сессиясында арнайы қарар қабылдағаны үшін Ұйым мемлекеттеріне алғыс білдірді.

Қасым-Жомарт Тоқаев алғашқы Саммиттің Астана декларациясы мен 2026 жылға дейінгі ИЫҰ бағдарламасының жүзеге асырылуы Ұйымды одан әрі дамытудың өзекті мақсаттары мен міндеттерін дер кезінде айқындауға мүмкіндік бергенін атап өтті. Осыған байланысты Мемлекет басшысы бірқатар нақты ұсыныс айтты.

Президент пандемияға қарсы күрестегі ортақ күш-жігер туралы айта келіп, вакциналарды әділ бөлуге және оларды саяси құрал ретінде пайдалануға жол бермеуге шақырды.

Президент Қазақстанның коронавирус індетіне қарсы QazVac вакцинасын әзірлегені және оның қазіргі уақытта ДДСҰ-да мақұлдау рәсімінен өтіп жатқаны жөнінде мәлімдеді.

– Қазақстан ИЫҰ-ға мүше елдерге гуманитарлық көмек ретінде өз вакцинасын ұсынуға дайын болады. Сонымен қатар біз QazVac вакцинасын Ислам ынтымақтастығы ұйымына мүше өзге де елдерде өндіру мүмкіндігін қарастыра аламыз, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев ғылыми зерттеулер мен әзірлемелер бойынша кешенді әрі заманауи инфрақұрылымның бар екенін атап өтіп, ғылыми жетістіктер мен технологияларды кең түрде бөлісуге дайын екенін жеткізді.

2-бет

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

17 МАУСЫМ

• 1992 жылы «Ана тілі» баспасы Ахмет Байтұрсынұлының «Тіл тағылымы» атты кітабын жарыққа шығарды.

• 1993 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Әскери институты құрылды. 1999 жылы ҚР ҰҚК Институты Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің академиясы деп өзгертілді.

• 2011 жылы РФ Астрахан облысында Бөкейхан мавзолейінің құрылысы басталды. Оның биіктігі 18.5 метр. Құрылыс Қазақстан мен Астраханның әр өңірлерінен жиналған қаражатқа салынды.

• 2014 жылы Солтүстік Қазақстанда алтын өндіріле бастады. Геологтар Есіл ауданындағы Булақ ауылының маңында 400 гектар аумақта кен қорларын анықтады.

• 2015 жылы Атырау облысы Индер ауданының Теректі жерінде ортағасырлық жауынгердің қорымы табылды. Археологтардың айтуынша, табылған барлық материалдар IX-XI ғасырлардағы оғыз дәуіріне жатады.

• 2017 жылы Астанада электр энергиясын үнемдейтін күн батареяларымен жұмыс істейтін аялдамалар іске қосылды.

18 МАУСЫМ

• 2006 жылы байланыс және хабар таратуға арналған «ҚАЗСАТ» деп аталатын тұңғыш геостационарлық жер серігі жоспарланған таңғы сағат 4.44-те Байқоңыр айлағынан ғарышқа ұшырылды.

• 2009 жылы Оралда б.э.д. VI-II ғасырлардағы археологиялық қазбалар табылды. Ғалымдар бұл қазбалардың тарихи маңыздылығы зор екенін бағалап, олардың халықаралық тізімге енетінін хабарлады.

• 2015 жылы Қазақстан Республикасының Қазақ күресі федерациясы ресми түрде Спорттық жекпе-жектер және спорттың күштік түрлері конфедерациясының құрамына енді.

• 2017 жылы «Астана» Бүкіләлемдік театр фестивалі ашылды. Ол қазақстандық актер, театр және кино режиссері Асанәлі Әшімовтің 80 жылдығына арналды.

• 2019 жылы Қазақстанда міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі және кепілдендірілген тегін медициналық көмек көрсету аясында көрсетілетін жаңа міндетті медициналық қызмет көрсету тізімі бекітілді.

• 2019 жылы Қазақстанның ғылыми қызметкерлері Қазан Федералды университеті кітапханасының қолжазбалар мен сирек кездесетін кітаптар бөлімінен Абай жазған 133 жыл бұрынғы «Қарапайым қазақтарға арналған кодекс» бірегей құжатын тапты.

ЕГІН – 2021

Диқандар амалға көшті

Қазалыдағы егінші қауым егістіктегі суды үнемдеуге тырысып-ақ жатыр. Бір ғана мысал, «РЗА-Агро» ЖШС жыл сайын 400-500 гектар жерді лазерлік МАРА агрегатымен тегістеп жүр. Мұндағы басты мақсат – күрішке келетін суды бір деңгейде әрі аз шамада ұстап тұру.

Ержан ҚОЖАСОВ, «Сыр бойы»

Иә, тоқсан күн бойы су ішінде өсетін күріш атызы тегіс болмаса қиын. Шаруаларды шаршататын мәселені шешкен серіктестік осыған дейін 3800 гектар жерді қалпына келтіріпті. Ал оған түрлі дақылдар еккен.

– Биыл 325 гектар жер тегістелді. Бұған күріш егілді. Қазір суға бастырып болдық, осының өзінде егін көгін алып тұр. Заманауи лазерлік агрегаттың арқасында жер бұрынғыдан әлдеқайда теп-тегіс. Бұрын атыздың ойлы-қырлысы көп болатын. Суды да мөлшерінен көп жіберетінбіз. Ал мына тегістеуден соң су қалыпты келіп, атыз ішіне де біркелкі әрі тез жайылады. Былайынша айтқанда, бұрынғыдай күрішке көп су кетіп тұрған жоқ, – дейді серіктестікке қарасты «Ақдіңгек» учаскесінің бригадирі Алмас Алмағанбетов.

Биыл 325 гектарға егілген күрішті бұрынғыдай бірнеше күн бойы суармаған. Үш-ақ күн ішінде бастырылып бітіпті. Сондай-ақ шаруашылықта жыл сайын 20-30 шақырымға дейін күріштік каналдары тазаланып тұрады екен. Бұның да егін алқабына судың жылдам жетуіне себі мол.

Қазалы ауданында 17 мың 685 гектар жерге егін егу жоспарланған. Оның 6637 гектары – күріш. Бірақ су тапшылығына байланысты 50 гектар жерге дән себілмеді.

Ауданда су тапшылығының алдын алу мақсатында әртараптандыру шаралары атқарылған. Мұндағы диқандар жаңбырлатып және тамшылата суару әдісіне көбірек жүгінуде. Егілген дақылдардың арасында мал азығымен қатар, қауын, қарбыз, көкөніс түрлері де бар.

МӘСЛИХАТ

Кеше облыстық мәслихаттың өндіріс және шаруашылық салалары, қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресустарды тиімді пайдалану мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының кеңейтілген отырысы өтті.

Газдандыру кезең-кезеңімен іске асады

Комиссия төрағасы, депутат Бақдәулет Махашов жұмыс жоспарына сәйкес Қызылорда қаласына қарасты Сырдария өзенінің сол жағалауындағы елді мекендерді ("Ақсуат", "Сабалақ", "Ақжарма") және аудан орталықтары мен ауылдарды газдандыру барысы туралы мәселе қаралатынын айтты. Күн тәртібіндегі мәселелерге қатысты облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысы Руслан Нұрмағанбетов хабарлама жасады.

Ол өткен жылы бюджет есебінен Арал ауданындағы Жақсықылыш кенті, «Жұмыспен қамту жол картасы» аясында Қазалы ауданындағы Мұратбаев, Шиелі ауданындағы Байсын елді мекендері табиғи газбен қамтылғанын атап өтті. Нәтижесінде 7,6 мың адам табиғи газға қосылу мүмкіндігін алған.

Биыл ақпан айында Тереңөзек кентіне газ берілсе, шілде айында Жосалы мен Жалағаш кенттерін және жыл соңына дейін Қазалы қаласы мен Шиелі ауданындағы Бекежанов, Қодаманов ауылдарын газдандыруды толығымен аяқтау жоспарланған. Бұл газбен қамтамасыз ету үлесін 67,4%-ке дейін көтереді. Сонымен қатар, Қызылорда қаласына қарасты Наурыз және Махамбетов ауылдарын газдандаруды бастауға республикалық бюджетті бірінші нақтылауда тиісті қаржы бөлінді. Басқарма басшысы қазір мемлекеттік сатып алу конкурсы ұйымдастырылып жатқанын жеткізді. Бұл жоба 2022 жылға өтпелі болады.

Хабарламашы облыста автоматтандырылған газ тарату стансалары бойынша да мәліметтер берді. Жалпы аймақта 14 автоматтандырылған газ тарату стансасын орнату жоспарланған. Оның ішінде 9 АГТС орнатылған. Сексеуіл мен Шоқай елді мекендерінде қойылатын АГТС-тар бойынша жобасметалық құжаттамалар мемлекеттік сарапатаманың қарауында болса, тағы екі стансаның құжаттамалары кезеңкезеңімен әзірленеді және қаржыландыруға ұсынылады.

Басқарма басшысы 2025 жылға дейін тиісті жұмыстар атқарылған жағдайда облыс тұрғындарын газбен қамту үлесін 75%-ке дейін көтеру межесі бар екеніне тоқталды.

Комиссия отырысына қатысушы депутаттар басқарма басшысына бірқатар мәселелер бойынша сұрақтар қойып, ұсыныстарын жеткізді. Ұсыныстар отырыс қорытындысы бойынша қабылданған қаулыға енгізілді.

«СБ» ақпарат

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

Суға ақы төлеуге неге енжарсыз?

3-бет

«ҒЫЛЫМИ ЫҚПАЛДАСТЫҚТЫ НЫҒАЙТУ ӨТЕ МАҢЫЗДЫ»

– Біздің академиялық және ғылыми-зерттеу институттарымыздың флагманы саналатын Назарбаев Университеті, сондай-ақ, Astana IT орталығы жасанды интеллект, Big Data және кибер қауіпсіздік салаларындағы бірлескен ғылыми-зерттеу жұмыстары мен тәжірибелік-конструкторлық жобалар үшін база қалыптастыра алады, – деді Президент.

Мемлекет басшысы ИҰТ-ға мүше елдер үшін білім беру және ғылыми зерттеулер сапасын арттыру басты басымдыққа айналуы қажет екенін айтты. Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылға қарай Қазақстан ғылым саласының қаржыландырылу үлесін ішкі жалпы өнімнің 1%-не, ал білім беру ісінде 7 процентіне дейін арттыруды көздеп отырғанын жеткізді.

Мемлекет басшысы ИҰТ-ға мүше елдердің студенттері үшін бакалавриат бағдарламасы бойынша отандық оқу орындарында 100 грант бөлуге дайын екенін мәлімдеді.

Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде экономиканы цифрландыру, мемлекеттік қызмет көрсету сапасын жақсарту, Теңізге шығатын жолы жоқ дамушы елдер тобына қолдау көрсету жұмыстарын жалғастыру мәселесін де көтерді. Сонымен қатар климаттың өзгеруіне қарсы күреске және қоршаған ортаны қорғауға, көміртегінен ада экономика қалыптастыруға бағытталған еліміздің күш-жігері туралы айтты.

Президент өз сөзінде елдеріміздің келешегі ғылыми-техникалық және инновациялық даму саласындағы жетістіктерге байланысты екеніне сенім білдірді.

– Ислам әлемінің ғылыми әлеуеті зор деген ортақ пікірді қолдаймыз. Алайда адам капиталын дамытуда, әсіресе сапалы білім беру ісіндегі инвестициялардың көлемін арттыруымыз қажет. Сонымен қатар ғылыми ықпалдастығымызды нығайтып, дамыту өте маңызды болып отыр. Дәл осы шаралардың арқасында ислам әлемінің ғылым мен инновация саласындағы абыройын арттыра аламыз, – деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті Біріккен Араб Әмірліктерінің Үкіметін және халқын ел тәуелсіздігінің 50 жылдығымен және «Әл-Амал» спутнигінің Марс орбитасына сәтті шығуымен құттықтады. Сондай-ақ Мемлекет басшысы бұл жетістіктің барша ислам әлемі үшін аса маңызды екенін атап өтті.

1-бет

ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

ҚАЛЫПТЫ ТІРШІЛІККЕ ҚАЙТА ОРАЛАМЫЗ ДЕСЕК...

Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова бірқатар маңызды мәселелер бойынша кеңейтілген отырыс өткізді. Жиынға облыс әкімінің орынбасарлары, салалық басқарма басшылары мен онлайн режимде қала, аудан әкімдері қатысты.

Отырыста екі мәселе қаралды. Алғашқысы мүлік иелерінің бірлестігі институтын енгізу жағдайына арналды. Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Руслан Нұрмағанбетов көпқабатты тұрғын үйді басқаруға қажетті жаңа тетік – мүлік иелерінің бірлестігін құру жұмыстарына тоқталып, негізгі алгортимдерді түсіндірді.

«Тұрғын үй қатынастары» заңына сәйкес пәтерлердің меншік иелері кондоминиум объектісін басқару, оны күтіп-ұстауды қаржыландыру және сақталуын қамтамасыз ету үшін алдағы кезеңде мүліктің меншік иелері бірлестігі (МИБ) немесе жай серіктестік (ЖС) құрылады. Бұл ретте қазіргі ПИК-тер (КСК) өз қызметін 2022 жылдың 1 шілдесінен тоқтатады. Соған сәйкес, тұрғындар көпқабатты үйді басқарудың жаңа түріне өтеді.

Айта кету керек, бұрынғы қолданыстағы механизмде ПИК-тер бірнеше үйге бір ғана есепшот арқылы қызмет көрсетті, яғни, тұрғындардан жиналатын қаржыны өздері басқарды. Ал, жаңа қабылданған механизмде әр үйге сол үй тұрғындарының қатысуымен ғана жеке басқару органы және бір есепшот құрылады. Басқару органы жұмыстарға тапсырыс береді, мердігерден жұмысты қабылдайды және оған төлем жасайды. Бұл қызмет көрсету сапасына бақылау жасап, ақша қозғалысына мониторинг жүргізуге мүмкіндік береді.

Жаңа реформаны тұрғындарға жеткізу үшін арнайы Жол картасы және медиа-жоспар бекітілді. Жоспарға сәйкес жыл соңына дейін өңірдегі барлық 1019 үйге бірлестік құрылады. Қалған 203 үй коммуналдық меншікте болуына байланысты басқарудың жаңа нысанына көшірілмейді.

Жиында облыс басшысы қала, аудан әкімдеріне мүлік иелері бірлестігі және жай серіктестіктерді құруды белсенді түрде ұйымдастырып, жыл соңына дейін толық аяқтауды және көпқабатты тұрғын үй шығыстарының ең төменгі мөлшерін бекітуді, кондоминиум нысандарының санын өзектендіру және әділет органдарына тіркеу жұмыстарын аяқтауды тапсырды. Ал, басқарма басшысы Р.Нұрмағанбетов пен облыстық статистика департаментінің басшысы М.Баекееваға көпқабатты тұрғын үйлердің санын сәйкестендіру, тиісінше ай сайын мониторинг жүргізуді міндеттеді. Сонымен бірге сала басшыларына құрылған меншік иелері бірлестіктерін есепке алуды қысқа мерзім ішінде ұйымдастырып, халыққа жаңа тетіктерді енгізу қажеттігі туралы ақпараттық насихат жұмыстарын күшейтуді тапсырды. Бұл ретте көзделген тапсырмалардың орындалуын бақылауға алуды орынбасары Серік Сүлейменовке жүктеді.

Отырыста коронавирус инфекциясының алдын алу және екпе жұмыстарын үйлестіру мәселелері қаралды. Облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Сәбит Пазылов індеттен сақтану үшін тұрғындарға вакцина салу көрсеткіштерін, нақты ахуалды баяндады.

Бүгінде өңірде 106 екпе кабинеті ашылып, 37 жылжымалы көшпелі пункттің жұмысы ұйымдастырылған. Ал, облыс бойынша 19 медициналық мекемеде коронавирус инфекциясына қарсы егу жұмыстары жүргізілуде. 1 ақпаннан бері 238 350 доза жеткізілген. Жеткізілген 1 компонент – 151 050 доза вакцинаның 2000 дозасы – QazVac-in, 32 250 доза – HayatVax, 105 800 доза – Спутник-V, 11 000 доза – CoronaVac вакцинасы.

Аймақ басшысы көрші мемлекеттерде індеттің қайта күшейе түскенін, тұрғындардың қауіпсіздігін сақтау үшін белсенді түрді екпеге шақыру қажеттігін атап өтіп, бірқатар тапсырмалар жүктеді.

– Облыс «жасыл аймаққа» тұрақтанды. Бұл инфекция толықтай жойылды деген сөз емес. Әлі де сақтық шараларын күшейтіп, тұрғындарды вакциналау жұмыстарын жандандыру керек. Қалыпты тіршілікке қайта оралуымыз үшін вакцинаны белсенді түрде салуымыз қажет. Бұл ретте облыстық денсаулық сақтау басқармасы және Қызылорда қаласы мен аудан әкімдері, барлық басқарма басшылары вакциналау жұмыстарын күшейту керек. Ірі кәсіпорындарда жұмыс жасайтын қызметкерлер арасында екпе алу маңыздылығы бойынша түсіндірме жұмыстарын ұйымдастыруды тапсырамын. Сонымен бірге кәсіпкерлік нысандар «Ashyq» мобильді қосымшасын енгізу жұмыстарын жандандырсын. Осы берілген тапсырмалардың орындалуын бақылау орынбасарым Балжан Шаменоваға жүктеледі, – деді Гүлшара Әбдіқалықова.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

ТАҒАЙЫНДАУ

Басқармада жаңа басшы

Облыс әкімінің өкімімен Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Кадр саясаты мәселелері жөніндегі ұлттық комиссияның келісімімен Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы лауазымына Дүйсебаев Талғат Тұрсынұлы тағайындалды.

Талғат Дүйсебаев 1973 жылы Жалағаш ауданында туған. Қызылорда политехникалық институты мен Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетін бітірген.

Еңбек жолын Жалағаш аудандық жасөспірімдер спорт мектебінде дене шынықтырушы ретінде бастаған.

1994-2011 жылдары Жалағаш аудандық білім бөлімінің есепшісі, Жалағаш ауданы әкімі аппаратының экономика және кәсіпкерлікті қолдау секторының бас маманы, облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының бөлім бастығы, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының орынбасары болған.

2011-2020 жылдары облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы, Жалағаш ауданының әкімі, облыстық ауыл шаруашылығы, жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы лауазымдарын атқарды.

2020 жылғы қыркүйек айынан бастап Сырдария ауданының әкімі қызметін атқарып келді.

БРИФИНГ

Облыста жыл басынан бері тіркелген қылмыс саны 13 процентке төмендеген. Қоғамдық орындарда, көшеде, отбасында жасалатын қылмыстар саны да азайған. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық полиция департаменті бастығының міндетін атқарушы Шамшидин Амитов хабарлады.

«Қауіпсіз жол» шарасы өтті

Биыл 409 алаяқтық қылмыс тіркеліп, былтырғы кезеңмен салыстырғанда 63 процентке өскен. Оның 268 дерегі интернет немесе әлеуметтік желі арқылы жасалған. Жол-көлік оқиғалары да жиілеген. Өкінішке қарай қайтыс болғандар саны 33 процентті құрап отыр. Жол-көлік оқиғаларының негізгі себебі – жылдамдықты асыру, мас күйінде көлік тізгіндеу, жол ережесін өрескел бұзу және қарама-қарсы бағытқа шығып кету. Сонымен қатар балалардың қатысуымен 25 жол-көлік оқиғасы тіркеліп, 33 бала дене жарақатын алса, 1 жеткіншек қайтыс болған.

Ш. Амитов брифинг барысында ата-аналарды балаларын жол бойында қараусыз қалдырмауға шақырды. Осы мақсатта мамыр айының 17-сі мен маусымның 16-сы аралығында «Қауіпсіз жол» шарасы өтті. Нәтижесінде жол қозғалысы ережесін бұзудың 10 мыңнан астам дерегі және масаң күйде басқарудың 104 жағдайы анықталып, 694 автокөлік айып алаңына қойылды. Жасөспірімдер арасындағы қылмысты болдырмау үшін «Түнгі қаладағы балалар» шарасы өткізіліп, 252 кәмелетке толмаған баланың заңды өкілі әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Көшелерде қоғамдық және жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін облыс орталығына 272 бейнебақылау камерасы орнатылды. Олардың көмегімен 53 қылмыс ашылып, 8341 әкімшілік құқық бұзушылық анықталды. Сонымен қатар брифингте облыста мал және пәтер ұрлығының көптеп тіркелгені айтылды. Жыл басынан өңірде мал ұрлығының 104 дерегі анықталып, 28-і ашылған. Ал, тіркелмеген деректер бойынша ұрланған 182 малдың 51-і иесіне қайтарылған.

«СБ» ақпарат

Аудан жаңалықтары

ӘДЕП КОДЕКСІНІҢ САҚТАЛУЫНА АРНАЛДЫ

Қызылорда. Қала әкімдігінде облыс әкімі аппаратының Әдеп жөніндегі уәкілі Хамит Тарбақовтың төрағалығымен семинар өтті.

Семинарға, бөлім басшылары, кент және ауылдық округ әкімдері мен мемлекеттік қызметкерлер қатысты.

Жиында қала әкімі аппаратының басшысы, Әдеп жөніндегі уәкіл Жанмұрат Сейілов биылғы 5 айда қала әкімдігінде мемлекеттік қызмет туралы заңнаманың және ҚР Мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексінің сақталу бағытында атқарылған жұмыстар туралы баяндады.

Өз кезегінде облыс әкімі аппаратының Әдеп жөніндегі уәкілі Хамит Мұратұлы мемлекеттік қызметшілердің мәдениетін көтеру, әдеп нормаларын бұзу көрсеткішін төмендетуге бағытталған шараларды ширатып, жұмысты одан әрі жандандыру керектігін жеткізді.

ДЕПУТАТТАРМЕН КЕЗДЕСТІ

Арал. Аудан әкімі Серік Сермағамбетов жергілікті мәслихат депутаттарымен кездесті.

Өңірдің дамуына үн қосып, аудандағы көкейтесті мәселелердің шешілуіне тікелей атсалысып келе жатқан депутаттармен арнайы кездесудің маңыздылығына тоқталған аудан басшысы бүгінге дейінгі жұмыс барысының жай-күйін саралап өтті.

Басқосу барысында депутаттар өз аумақтары бойынша тұрғындарды алаңдатқан мәселелердің тізбегін тарқатып, ұсыныстарын жеткізді.

«СЫР СҰЛУЫ» СОРТЫ ЕГІЛДІ

Қазалы. Биыл қазалылық дихандар 781 гектар жерге күріштің аудан климатына бейімделген «Сыр сұлуы» сортын екті.

Жергілікті сорттың авторлары – Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының ғалымдары. Вегетациялық мерзімі қысқа (105-110 күн), суды аз қажет етеді.

Бұл сортты ауданда «РЗА-Агро» ЖШС 235 гектар, «Сыр маржаны» ЖШС 500 гектар, «Ақмаржан» ШҚ 46 гектар жерге егіп, қазір дала еңбеккерлері күтіп-баптауда.

ЖЕДЕЛ-ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ШАРА

Қармақшы. Облыстық полиция департаментінің бұйрығына сәйкес аудан көлемінде «Түнгі қаладағы балалар» жедел-профилактикалық іс-шарасы өтуде.

Топтық төбелес, суық қару тасымалдау, бопсалау сынды қылмыстардың алдын алу, ескерту, жолын кесу, кәмелетке толмағандардың жүріс-тұрысына бақылау жасау, заңды өкілдерінің қарауынсыз түнгі уақытта көшеде, ойын-сауық орындарында бей-берекет жүру деректерін анықтау, қылмысқа бейім, тәртібі қиын балаларды полиция органдарының есебіне алу мақсатындағы шара бір аптаға созылады.

АУДАНДАҒЫ АЛҒАШҚЫ ОПЕРАЦИЯ

Жалағаш. Ауданда алғаш рет холецистоэктомия кіші инвазивті тәсілмен, эндовидеохирургиялық лапароскоп аппаратымен, дәрігер-хирург А.Шүленбаев, хирург Ә.Жалмағанбетов және ауданның хирург дәрігері Д.Сүйіндіковтің қатысуымен өт тас ауруымен ауыратын 4 науқасқа операция жасалды.

Аудан әкімі Асылбек Шаменов ауруханаға арнайы барды. Осы уақытқа дейін ауданда мұндай операцияларды жасауға мүмкіндік болмаған. Тұрғындар ол үшін облыс орталығына, ірі қалаларға баратын.

БАЙҚАУДЫҢ ІРІКТЕУ КЕЗЕҢІ

Сырдария. Облыстық ішкі саясат басқармасы Жастар ресурстық орталығының «Ақ сөйле» қоғамдық бірлестігімен бірлесе ұйымдастырған облыстық «Сыр дарыны» жастар шығармашылығы байқауының аудандық іріктеу кезеңі Сырдария ауданында жалғасты.

Байқауға бекітілген 4 бағыт, яғни, жазба ақындық өнер, айтыс, дәстүрлі ән, жыр-терме бойынша 28 өнерлі жас қатысып, облыстық кезеңге жазба ақындық өнерімен Биболат Опабеков және дәстүрлі ән орындаудан Тәңірберген Орынбасар жолдама алды.

АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕРДІ АРАЛАДЫ

Шиелі. Аудан әкімінің орынбасары Е.Апетов Жиделіарық, Ақмая, Жаңатұрмыс, Жөлек, Ортақшыл ауылдық округтерді аралап, ауыл тұрғындарымен кездесті. Оған тиісті сала басшылары мен зиялы қауым өкілдері, ауыл тұрғындары қатысты.

Онда аяқсу, егістік алқаптар жайы талқыланды.

ЕКПЕ АЛҒАНДАРҒА СЫЙЛЫҚ БАР

Жаңақорған. Ауданда халықты ортақ мүдде – вакциналау жұмысына жұмылдыру мақсатында ынталандыру шаралары ұйымдастырылуда.

Ауылдың әрбір оныншы, кенттің әрбір отызыншы болып вакцина қабылдаған тұрғынына аудан, кент әкімдігі түрлі сыйлықтар үлестіруде.

Кеселге қарсы екпе алып, сыйлыққа ие болған жанның бірі – Жаңақорған кентінің тұрғыны Шолпан Өмірбаева. Ол вакцинаның I компонентін алды. Күтпеген жерден сыйлық алған ол қуанышты.

– Ауруға қарсы вакцина алуға келдім. Кент бойынша бүгін отызыншы екпе алушы екенмін. Осыған орай сыйлық берді. Өте қуаныштымын. Барлық тұрғындарды вакцина алуға шақырамын, – деді ол.

Дайындаған
Айнұр БАТТАЛОВА

Алғашқы дивидендтер

«Байқоңыр» ӘКК» АҚ «Бекарыс Агрофуд» ЖШС базасында С.Мырзабаевтың «Жаңақорған ауданында қазақтың құйрықты қылшық жүнді қойының асыл-тұқымды тұқымын өсіру» инвестициялық жобасын бірлесіп іске асыру туралы бастамасына жәрдем көрсетті. Бұл жоба ӘКК директорлар кеңесінде 2017 жылдың 21 сәуірінде мақұлданған.

Бұдан басқа, «Байқоңыр» ӘКК» АҚ Д.Шағыртаев және С.Шағыртаев арасында асылтұқымды репродуктор мен ет комбинатын құру жөніндегі жобаны іске асырды. Жаңадан құрылған «Агролидер Таң» ЖШС бірлескен кәсіпорнының жарғылық капиталындағы жобада ӘКК үлесі 42,03% құрайды.

Бүгінде бұл жобалар толығымен іске қосылып, қаржы-шаруашылық қызметінде оң нәтижелер беруде. Сонымен қатар, аймақтың ауыл шаруашылығы саласының дамуына елеулі үлес қосуда.

Былтырғы жылды бұл кәсіпорындар таза пайдамен қорытындылады. Ол пайда құрылтайшылар арасында бөлініп, яғни ӘКК «Бекарыс Агрофуд» ЖШС-нан 1036783,00 теңге, «Агролидер Таң» ЖШС-нан 1372140,0 теңге көлемінде алғашқы дивидендтерін алды.

Жеңісбек АХМЕТОВ,
«Байқоңыр «ӘКК» АҚ жобаларды талдау және іске асыру басқармасының басшысы

ТАРИФ

Коммуналдық қызмет ақысы да қымбаттай ма?

Бүгінде нарықта тіршілік үшін қажетті тауарлар бағасы ышқынып тұр. Азық-түлік, көкөніс, жеміс-жидек, бақша өнімдері, құрылыс материалдары, мал азығы секілді қажеттіліктердің бағасы шарықтап барады. Мұндайда мемлекет бағаны ырықтандыруға күш салып, барлық тетіктерді жұмылдырып жатқанмен де, көп жағдайда дәрменсіз екенін мойындауға тура келеді. Өйткені нарықтың өз заңдылығы бар. Бағаны нарық реттейді. Түрлі экономикалық жағдайларға, табиғи құбылыстарға, өндірістің кемуіне, сұраныстың артуына байланысты баға өзгеріске ұшырап жатады. Ондайда мемлекет бағаға ықпал жасай алмайды. Бұл – тек Қазақстанда ғана емес, жалпы әлемде болатын құбылыс.

Sb Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ, «Сыр бойы»

Дегенмен мемлекет тұрғындар төлейтін коммуналдық төлемдердің ақысын реттей алады және оны сәтті жүзеге асырып келе жатқанын мойындауға тиіспіз. Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің негізгі міндеті табиғи монополия субъектілері қызметін бақылау және реттеу екенін білеміз. Табиғи монополия аясына су беру мен сарқынды суды бұру, жылу энергиясын өндіру мен жабдықтау, кірме жолды ұсыну және газды, электр энергиясын тасымалдау қызметтері жатады.

Комитетке қарасты облыстық департамент 53 қызмет түрін көрсететін 33 табиғи монополия субъектісінің қызметін реттейді. Одан бөлек, электр энергиясымен және газбен жабдықтау саласындағы 4 қоғамдық маңызы бар нарық субъектісіне қатысты баға белгілеу функциясын жүзеге асырады.

Департамент басшысы Гүлмира Өтегенова бізбен әңгіме барысында тарифтерді қалыптастыру бойынша атқарылған жұмыстарды таныстырып өтті. Жыл басынан бері реттелетін коммуналдық қызметтердің тарифтері, электр энергиясының бағасын қоспағанда, қолданыстағы деңгейде қалған. Оның ішінде төмендегендері де бар. Биылғы 1 қаңтардан бастап 2 табиғи монополия субъектісі тарифінің қолдану мерзімі аяқталуына байланысты департамент қолданыстағы заңнаманы басшылыққа ала отырып, тарифті төмендеткен. Атап айтқанда, «Қызылордажылуэлектрорталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жылумен жабдықтау қызметіне тариф тұрғындар үшін 5,6%-ке (1 шаршы метрге қосымша құн салығымен 96,76 теңгеден 91,37 теңгеге дейін, ал есептегіш құралдары бар тұрғындарға 1 Гкал-ға ҚҚС-мен 1989,42 теңгеден 1878,44 теңгеге дейін), «Теміржолсу-Қызылорда» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің сумен жабдықтау қызметіне тариф тұрғындар үшін 8,2%-ке (1 текше метрге қосымша құн салығымен 53,37 теңгеден 48,99 теңгеге дейін) төмендетілген.

Сонымен бірге, электр энергиясымен жабдықтаушы үш ұйым 1 қаңтардан бастап өз еркімен бағаны түсірген. 1 кВт сағатқа қосымша құн салығымен тұрғындар үшін орташа тарифтер бойынша «Энергосервис» ЕЖШС 16,70 теңгеден 16,33 теңгеге немесе 2,2%-ке, «Шиелі Жарығы» ЖШС 17,95 теңгеден 17,40 теңгеге немесе 3,1%-ке, «Дәулетэнерго» ЖШС 19,16 теңгеден 18,80 теңгеге немесе 1,9%-ке төмендетіпті.

Департаментке 5 айда табиғи монополия субъектілерінен тарифтерді және сметаларды бекітуге 29 өтінім түссе, оның 18-і бойынша ұсынылған құжаттар қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілердің талаптарына сәйкес келмеуіне байланысты қабылданбаған. Ал төрт өтінімді субъектілер қайта алған. Келесі 2 өтінім бойынша оңайлатылған тәртіппен тарифтер мен сметалар бекітілгенін айта кету керек. Атап айтқанда, «СЕАД Логистик» ЖШС-на кірме жолды ұсыну бойынша және «Қызылорда газ тарату жүйесі» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнына тауарлық газды тасымалдау қызметі (тарифі 1000 текше метрге ұсынылғаннан 64,8%-ке төмендетіліп 7446 теңге мөлшерінде бекітілді) тарифі бекітілді. Қазіргі күні өтінімдер қаралу үстінде.

Департамент басшысы 1 маусымнан бастап электр энергиясының бағасы өзгергенін жеткізді. Оған Энергетика министрінің бұйрығымен бекітілген электр станциялары өндіретін энергия бағасының өсуі басты себеп болды.

Осы орайда Энергетика вице-министрі Қайрат Рахимовтың жақында жарық көрген мәлімдемесін еске сала кетейік.

– Еліміздегі электр энергиясын өндіруші 37 компания 2020 жылдың қыркүйек айында жарықтың шекті бағасын 36% өсіру туралы өтініш білдірді. Жарты жыл бойы оның қаншалықты негізді екендігіне талдау жасадық. Техникалары ескірген, жұмысшыларының айлығы төмен. Басқа да мәселелер бар екені анықталды. Осыны ескеріп, Қазақстан бойынша энергия өндіруші ұйымдардың шекті тарифтерін 15% өсіру туралы бұйрық шықты, – деген еді ол.

Осы ретте «Қызылордажылуэлектрорталығы» МКК-ның өндіретін электр энергиясының бағасы 11,30 теңгеден 12,54 теңгеге дейін немесе 11%-ке өскенін ескерте кетелік. Бірақ бұл орталық облысты электр қуатымен толық қамтамасыз ете алмайды. Энергияны қосымша Екібастұздан, Жамбыл ГРЭС-нен аламыз. Оларда да көтерме бағасы өскен.

Г.Өтегенованың айтуынша, электр энергиясының бағасы 3 бөліктен тұрады. Оның біріншісі – Энергетика министрлігі бекітетін өндіруші станциялардың бағасы, екіншісі – Табиғи монополияларды реттеу комитеті мен оның жергілікті департаменті бекітетін электр энергиясын тасымалдау тарифі, сондай-ақ, департаментпен келісілетін энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың үстемеақы шығындары.

Осыған сәйкес, сатып алынатын бағасының өсуіне байланысты облыстағы энергиямен жабдықтаушы үш ұйым департаментке бағаның 7,7%-тен 16,4%-ке дейін өзгеретіні туралы ақпараттарын ұсынған. Оларды қарау кезінде қабылданатын шешімдердің ашықтығын қамтамасыз ету үшін департамент сәуір айында 7 аудан мен облыс орталығында жария тыңдаулар өткізді. Жария тыңдауға мәслихат депутаттары, жергілікті басқару органдарының, «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы, қоғамдық бірлестіктердің, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері және тұтынушылар қатысты. Айтылған ұсыныс-пікірлерді ескере отырып, негіздеуші құжаттарды тексеру нәтижесі бойынша электр энергиясымен жабдықтау қызметінің бағасын келісіп, орташа баға 1,9%-тен 6,3%-ке дейін өзгертілді.

Соған сәйкес «Энергосервис» еншілес жауапкершілігі шектеулі серіктестігі бойынша тұрғындар үшін орташа босату бағасы қолданыстағы бағамен салыстырғанда 1 кВт сағатқа қосымша құн салығынсыз 75 тиынға өзгерген. Ал «Шиелі Жарығы» ЖШС бойынша 69 тиынға, «Дәулетэнерго» ЖШС бойынша 33 тиынға өсіп отыр.

Аймақта су, жылу құны 2020, 2021 жылдары өзгерген жоқ, керісінше баға төмендеген тұстар бар. Тек электрстанциялар шығынына байланысты көтерме баға өсті. Ал газдың бағасы Табиғи монополияларды реттеу комитетінің үш жыл бұрын бекіткен көлемінде сақталған. Газбен жабдықтау бойынша департамент Сырдария ауданы Тереңөзек кентінде «Қызылорда газ тарату жүйесі» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны ұсынған бағаны төмендетіп келісті.

Жалпы алғанда, коммуналдық төлем бағаларында анау айтқандай өзгеріс жоқ. Қымбатшылық бет қаратпай тұрғанда бұл да болса көңілге медеу.

Күнделікті өмірде сусыз адамның тіршілігі жоқ. Оның әр тамшысы – байлық. Бір жұтым нәрдің қадірін, құнын білесіз бе? Бау-бақша, ну орман сусыз жайқалып өспейді. Бабаларымыз кең даланы суландырып арық қазған, көпір салған. Ақын Әбділда «Сөндірмеңдер, біздер жаққан жарықты, Бөгемеңдер, атаң қазған қарықты» деп жырлаған.

Суға ақы төлеуге неге енжарсыз?

Күнделікті тіршілікте үйіңізде пайдаланып отырған суға ақы төлеу жауапкершілігін сезініп жүрсіз бе?

Дамыған елдер суды алтынға балайды. Әр тамшысын есепке алып жұмсайды. Адам денесінің 80 проценті судан тұрады. Тіршілікте орта есеппен 22 тонна тамақ, 33 тонна су ішеміз. Тамақсыз бір ай, ал сусыз бір апта ғана өмір сүретініміз дәлелденген. Бір сөзбен айтқанда, ел тағдырын жер, жер тағдырын су шешеді. Сондықтан ол – тіршілік атаулының басы. Осы салада жиырма жылға жуық тер төгіп еңбек етіп келемін. Қазір «Қызылорда су жүйесі» мекемесі басшысының кеңесшісімін.

Шындығын айту керек, саланы жарақтандыру, насихат жұмысы пәрменді жүргізілуде. Ақыны уақытылы төлеу бағытында нақты істер, қатаң талаптар қойылуда. Әрине, нақты істің нәтижесінде ілгерілеу бар.

Қала тұрғындарын ауызсумен қамтамасыз етуде «Қызылжарма» жерасты жүйесі жұмыс істейді. Сондай-ақ 78 ұңғыма арқылы тұтынушыларға үздіксіз ауызсу берілуде. Әл Фараби, Титов, Қызылжарма тұрғындарына қосымша 3 ұңғыма бұрғылауға тапсырма беріліп, жоба-сметалық құжаттар әзірлену үстінде.

Қалада суды пайдалану бар да, уақытылы ақы төлеуге келгенде кемшілік көп. Оны жою мақсатында 27 адамнан тұратын 4 топ жұмыс жүргізуде. Біздегі мәлімет бойынша 76011 жеке тұлғаның ішінде 20 900 абонент ғана суға тұрақты ақы төлеп отыр.

Бұдан, шындығын айту керек, біздегі тұтынған қызметке ақы төлеуге қатысты көзқарас пен сана қалыптаспағаны көрінеді. 55 000-нан астам тұтынушының ақы төлеуде енжарлық танытуы өте өзекті мәселеге айналып отыр. Төлемнің уақытылы түспеуі еңбеккерлерге жалақы, сондай-ақ салықты өтеуге кедергі келтіреді. Бұл мамандардың тұрақтамауына себеп. Тұтынушылардың енжарлығынан мекеме жалақының өзіне 75741,23 теңге қарыз. 650-ден астам адамның жалақысын уақытылы алмай отырғаны әрине, қынжылтады.

Ауызсу – өте күрделі мәселе. Сондықтан жұртшылық талабына сай қолда бар мүмкіндікті тиімді пайдалана отырып, тұтынушыларға ықпал ету шараларын қолға алудамыз. Әсіресе жаз айларында судың ысырапсыз жұмсалуын рейдтер арқылы тексеріп, ықпалды топтардың шараларына арқа сүйеп келеміз.

Қысқасы, су жүйесі мекемесі 524,8 миллион теңге дебиторлық, 513,8 миллион теңге кредиторлық қарызды шұғыл өтеу үшін жұмыс жүргізуде.

Қазақта «Судың да сұрауы бар» деген сөз бар. Мүмкін болғанша, әр тұрғын рахатын көріп пайдаланып отырған суға уақытылы ақы төлесе дейміз. Сөз жоқ, сіз бен біз бірлесіп жұмыс істесек, бұл кедергілерден өтеміз. Қала тұрғындары пайдаланып отырған ауызсуға уақытылы ақы төлесе, қызметімізді одан әрі жетілдіруге мүмкіндік туады.

Ақылтай ЖАППАСБАЕВ,
«Қызылорда су жүйесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшысының кеңесшісі

1-бет

БАСПАНА

«Бақытты отбасы»: өтініштер лимиті артты

«Отбасы Банк» тұрғын үй құрылыс жинақ банкі АҚ «Бақытты отбасы» бағдарламасы бойынша өтініштер лимитін 5000-нан 7500-ге дейін арттырды. Бағдарламаның әлеуметтік маңыздылығына байланысты оны жүзеге асыруға мемлекеттік бюджеттен қосымша 20 млрд теңге бөлінетін болды.

Өтініштер 2021 жылдың 12 сәуірі мен 26 мамыры аралығында банк сайтында қабылданды. Оның саны – 37592. 14 маусым күні сағат 16:00-де нәтижесі шығарылды. Нәтижені ЖСН немесе өтінім нөмірі бойынша тексеруге болады.

Өтініштерді бөлу кезінде Сенат жанындағы мүмкіндігі шектеулі жандардың өмір сүру сапасын жақсарту бойынша ұсыныстар әзірлеу жөніндегі жұмыс тобының, сондай-ақ «Nur Otan» партиясы жанындағы халықты жұмыспен қамтуды және халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдау жөніндегі республикалық қоғамдық кеңестің ұсыныстары ескерілді. Осылайша мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған және көпбалалы отбасыларға басымдық берілді.

Мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған отбасылардың негізгі әлеуметтік мәселелерінің бірі – тұрғын үй және тұрмыстық мәселелер. Олардың бұған өз күші жетпегендіктен, әлеуметтік көмек пен қолдауға мұқтаж. Сонымен қатар мұндай отбасыларда экономикалық мәселелер жиі кездеседі. Материалдық деңгейі де басқаларға қарағанда төмен. Мұның бірқатар себебі бар. Атап айтқанда, жұмыстан мәжбүрлі түрде кету, қысқартылған жұмыс күнін рәсімдеу, жалақы жоғалтумен байланысты жұмысты мәжбүрлі түрде өзгерту, баланы емдеу және сауықтыру үшін ақысыз еңбек демалысын рәсімдеу, дәрі-дәрмек тапшылығы; қосалқы техникалық, арнайы құралдар сатып алу, медициналық кеңесшілерге ақы төлеу және т.б.

Өтініштерді бөлу келесі тәртіпте жүзеге асырылады:

1) Мүмкіндігі шектеулі балалар тәрбиелеп отырған отбасылар санаты бойынша банк сайтында берілген өтініштер санының 100%-і мөлшерінде – 4117.

2) Көпбалалы отбасылар, оның ішінде «Алтын алқа», «Күміс алқа», I және II дәрежелі «Ана даңқы» наградалары немесе «Батыр ана» атағы бар көпбалалы аналар – 2682.

3) Толық емес отбасылар – 700.

Негізгі тізімге енбеген үміткерлер резервтік тізімге негізгі тізім жасалатын тәртіпке ұқсас тәртіппен енгізіледі. Үміткерлер болмаған, қатысу өтінімінің күші жойылған, несиелендіру (соның ішінде босатылған/қайтарылатын) қаражаты болған, негізгі тізімдегі үміткерлердің несиелік өтінімі мақұлдаудан өтпеген жағдайда бұл орынға резервтік тізімдегі үміткерлер шақырылады.

Көпбалалы отбасылар, оның ішінде «Алтын алқа», «Күміс алқа», I және II дәрежелі «Ана даңқы» наградалары немесе «Батыр ана» атағы бар көпбалалы аналар негізгі тізімдегі үміткерлердің дәрежесі аяқталғаннан кейін.

Толық емес отбасылар, негізгі тізімдегі дәл осы толық емес отбасы санатындағы үміткерлердің дәрежесі аяқталғаннан кейін.

«СБ» ақпарат

Жаңа жабдықтар – жоба жемісі

И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық-техникалық жоғары колледжіне «Пайдалы қазбалар кен орындарын геологиялық түсіру, іздеу және барлау» мамандығы бойынша жаңа жабдықтар әкелінді. Сондай жабдықтардың бірі – микроскоп.

Микроскоп минералогияда, ғылым мен техниканың басқа салаларында қолданылады. Одан басқа «Бет картасын құру және талдау», «Жер қыртысында көмірсутектердің көші-қоны», «Каротаж материалдарын қолдана отырып ұңғымалар қималарын тұрғызу», «Ұңғымаларды стратиграфиялық талдау және корреляциялау» виртуалды оқу кешендері алынды. Кешендер мұнай кен орнының өнімді қабатының ұңғымаларын орналастыруға, схемалардың әртүрлі нұсқаларын жасауға, изопахит және контур карталарын құруға, көмірсутектердің жер қыртысында қоныс аудару, ұңғымалардың стратиграфиялық анализін және корреляциясын зерттеу процесін көрнекі түрде көрсетуге мүмкіндік береді.

Бағдарламаға бақылау сынақтары мен зертханалық жұмыстар кіреді, сонымен қатар тестілеу нәтижелері туралы есептер шығаратын, пайдаланушының ақпаратын сақтауды қамтамасыз ететін жүйені қамтиды. Осы жабдықтарды меңгергеннен кейін біздің түлектеріміз пайдалы қазбалар іздеудің геологиялық-геофизикалық материалдарды қорыту әрі талдаудың ғылыми түрде негізделген бағыттары бойынша еліміздің дамуына елеулі үлес қосады.

«Жас маман» жобасы негізінде теориялық және практикалық сабақтарда жаңа зертханалық жабдықтарды қолдану арқылы білікті маман даярлауды мақсат етіп отырмыз.

Ш.ҚОСЫМОВА,
И.СӘДУАҚАСОВА,
И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық техникалық жоғары колледжінің оқытушылары



Вакцина: қарқынды күшейтетін кез келді

Индонезияның Пеканбару қаласының билігі вакциналау қарқынын жеделдетті. Мұнда адамдарды арнайы жабдықталған автобустарда еге бастады. Ол көліктер коронавирусқа қарсы препараттың 12 мыңға жуық дозасын тасымалдайды. Бұл күн сайын мыңнан астам тұрғынға екпе салуға мүмкіндік береді. Бүгінде аталған елде вакцинаның екі компонентін 12 миллионға жуық адам салдырған. Келер жылы бұл көрсеткішті 80 миллионға арттыру көзделуде.

Ал Түркияға ресейлік «Спутник V» вакцинасының алғашқы партиясы жеткізілді. Ел билігі ресейлік препараттың вакциналауды тездетуге ықпал ететінін атап өтті. Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметінше, соңғы төрт күнде Түркияда 200 мың адам инфекция жұқтырды, жаңа ауырғандардың саны өсуде.

Ұлыбритания Премьер-министрі Борис Джонсон былтыр наурызда пандемияға байланысты енгізілген барлық шектеулерді жеңілдету шараларын бір айға шегерді. Барлық шектеулер 21 маусымда алынады деп жоспарланған болатын. Алайда үкімет Ұлыбританияда коронавирустың үнді штаммының таралуына байланысты «тағы біршама уақыт күткен дұрыс» деп санайды. Енді шектеулер 19 шілдеде жеңілдетіледі деп күтілуде. Премьер-министрдің мәлімдеуінше, оған дейін елдің барлық ересек тұрғындары вакцинаның алғашқы дозасын алады деп жоспарланған.

Филиппиндегі Манила медициналық жоғары оқу орындарының студенттері елдегі эпидахуалға қарамастан, күндізгі оқуға оралды. Оралмас бұрын студенттердің барлығы вакциналанған болатын. Алайда олар үшін аудиторияларда бетперде кию талабы алынған жоқ.

Ал еліміздің Денсаулық сақтау министрі А.Цой Ресейдегі COVID-19 бойынша қолайсыз жағдайды ескере отырып, вакциналау қарқынын арттыру шараларын қабылдауды сұрады.

Соңғы аптада ТМД елдерінде, оның ішінде Ресейде коронавирус инфекциясының өткен аптамен салыстырғанда 1,5 есеге өскені байқалды. Нәтижесінде қосымша шектеу шаралары енгізілді.

Еліміз 6 маусымнан бастап «жасыл аймақта» орналасқан. Жоғарыда айтып өткеніміздей, Нұр-Сұлтан қаласы «қызыл аймақта». Бұл ретте, алдыңғы аптамен салыстырғанда сырқаттанушылық 7 процентке, 1365-тен 1461 жағдайға дейін өскені байқалады. Жалпы соңғы аптада ауру жұқтырғандар саны 8,5 мыңнан 7 мыңға дейін немесе 16 процентке төмендеген.

Алайда министр елде вакцинациялауды арттыру, тұрғындар арасында ақпараттық-түсіндірме жұмыстарын күшейту керектігін айтты. Осы орайда елдің бас мемлекеттік саитарлық дәрігері Ерлан Қиясов қазақстандықтарға үндеу жасады.

«Жаһандағы коронавирус инфекциясына қатысты жағдайды болжау қиын болып барады. Қазір барлығы COVID-19-дың үшінші толқыны туралы айта бастады. Вакциналау деңгейі төмен елдерде инфекция үрейлі қарқынмен өсуде. Бүгінгі күні әлемде 176 миллионнан астам оқиға және күн сайын 290 мыңнан астам жаңа фактілер тіркеледі. 3,8 миллионнан астам адам қайтыс болды. Өкініштісі, Қазақстанмен шекаралас елдерде қауіпті жағдай қалыптасуда. Ресейде, Қырғызстанда өткен жылмен салыстырғанда ауру санының рекордтық өсімі тіркелген» – деді ол.

Сондай-ақ, «маусымдық фактіні, демалуға деген ұмтылысты ескере отырып, мен азаматтарды өз өмірі мен жақындарыңыздың денсаулығын вирустан қорғауға шақырамын. Тек вакциналау ғана қорықпай, отбасыңызбен саяхаттауға, демалысты жоспарлауға мүмкіндік береді. Демалысты жоспарламас бұрын вакцина алыңыз, сонда жазғы саяхаттан бас тартпай, рахатқа бөлене аласыз. Вакцинация еш кедергісіз елге кері қайтуға, өзіңізді және жақындарыңызды қорғауға мүмкіндік береді» деді бас мемлекеттік санитарлық дәрігер.

Ал біздің өңірде бүгінде 107344 тұрғын вакцина алды. Өткен тәуліктің өзінде аймақта 2386 адамға коронавирусқа қарсы екпе салынды. Қазіргі кезде вакцинаның I компонентін 107344 адам алса, II компонентімен 54232 тұрғын қамтылды.

Айта кетейік, өткен аптада ауруға шалдыққан науқастар және олармен байланыста болған адамдар үшін оқшаулаудың міндетті режимін көздейтін санитариялық-эпидемиологиялық талаптар күшіне енген болатын. Белгіленген талаптарды орындамағаны үшін оқшаулау режимін бұзушыларға 30 АЕК немесе 87 510 теңге мөлшерінде айыппұл салынады (ҚР ӘҚБтК 452-бабы).

Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті мәліметіне сүйенсек, елімізде Ashyq жүйесі бойынша анықталған «қызыл» мәртебесі бар 165 адам өзін-өзі оқшаулау режимін бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылады.

Республикада карантиндік шектеулердің сақталуын бақылайтын мониторингтік топтардың жұмысы жалғасуда. Бүгінде Қазақстанның барлық өңірлерінде 1,8 мыңнан астам мониторингтік топ жұмыс істейді.

Жүргізілген жұмыс барысында мобильді топтар нысандарда карантиндік талаптарды бұзудың 17 043 оқиғасын анықтады. 13 маусымдағы жағдайға сәйкес шектеу шараларын, оның ішінде карантинді бұзғаны үшін 16 712 адам жауапкершілікке тартылды. Бұл ретте 9 670 кәсіпкерге қатысты жазалау шарасы қолданылды. Өндірілген айыппұлдың жалпы сомасы 1 352,2 млрд теңгеден асады. Сотқа 310 материал жіберілді.

«Мұнымен қоса, 10 маусымнан бастап Ashyq жобасына қатысатын нысандарда «қызыл» мәртебесі бар 165 және «сары» мәртебесі бар 168 адам тіркелген. Санитариялық-эпидемиологиялық қызмет органдары оқшаулау режимін бұзушы «қызыл» мәртебесі бар азаматтарға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қозғау бойынша жұмысты бастады», – деді комитет мамандары.

Денсаулық сақтау министрлігі Ashyq жобасы теміржол вокзалдары мен әуежайларда да енгізілетінін айтқан болатын. Бүгінде ол бойынша жұмыстар қолға алынуда.

«Ауру батпандап кіріп, мысқалдап шығады» демекші, кеселмен күресудің, індетті жеңудің бірден-бір жолы – вакцина екенін бүгінде әлем болып мойындадық. Ендеше ел болып жұмылып, екпе алып, еңсе тіктеуден басқа жол жоқ.

1-бет

Білікті дәрігер, табысты кәсіпкер

Адам баласының саулығы мен саламатты өмір сүруі – мемлекет ұстанып отырған басты саясаттың бірі. Сонымен қатар, XXI ғасырда әлемдік медицинаның мүмкіндігі арта түсті. Осыған орай мемлекет деңгейінде аталған саланы дамытудың жаңа бағыттары айқындалды. Халықтың талабы мен таңдауына сай уақыттың өзі мықты мамандарды алға шығарды. Бойында білімі мен қабілеті бар мамандар жеке кәсіп ашып, қызмет көрсете бастады. Бұл саладағы бәсекелестікті арттырып, жұмыс сапасының жақсаруына да сеп болды.

Sb Ғазиза ӘБІЛДА, «Сыр бойы»

Дәрігердің алдына дертіне дәру, жаныңа шипа іздеп барасың. Ондай кезде абзал жанның мейірімді жүзі мен жылы сөзі де адамның бойында ауруды жеңуге деген сенім қалыптастырады. Иә, қиын да жауапты қызметімен көптің көңілін тауып, алғысына бөленіп жүрген осындай жандардың бірі – жоғары санатты, білікті дәрігер Дүйсенкүл Тәжікова. Оның бұл салада еңбек етіп келе жатқанына қырық жылға таяды. Осы уақыт аралығында өз мамандығынан мол тәжірибе жинап, халыққа қалтқысыз қызмет етіп келеді. Бүгінгі таңда ол басқаратын жеке стоматологиялық орталық емдеу әдісінде медицинаның соңғы жаңалықтарын кеңінен қолданып, емделушіге барынша сапалы қызмет көрсетуді меңгерген.

Дүйсенкүлдің арманы дәрігер болу еді. Шындығында, оның биязы әрі нәзік болмысы, адам баласының бәріне мейіріммен қарайтын жанашыр мінезі тек дәрігер болуға жаралғандай. Алайда бұл міндеттің жауапкершілігі де оңай емес. Осының бәрін ой елегінен өткізе келіп, 1981 жылы Алматы мемлекеттік медициналық институтына «дәрігер-стоматолог» мамандығы бойынша оқуға түсті. Оқу орнын 1986 жылы бітіріп, 1986-2006 жылдар аралығында Шиелі аудандық емханасына қызметке орналасты. Осы ортада көп жыл еңбек етіп, мамандығының қыр-сырын терең меңгерді.

Осылайша, көп жылдық тәжірибесінің арқасында 2004 жылы аудан орталығынан, араға жылдар салып облыс орталығынан «Алма Дент Сервис плюс» жекеменшік стоматологиялық кабинетін ашты. Бүгінде бірнеше маманы бар тіс емдеу орталықтары жаңа технологиямен жабдықталған. Онда заманға лайықты материалдармен тіс жегіні пломбалау, зақымдалған тістерді емдеп, жаңа материалмен қаптау, карт кісілерге протез салу, балаларға тегін медициналық көмек көрсету, сол сияқты аурудың алдын алуға байланысты көптеген профилактикалық жұмыстар атқарылады. Дәрігер бұл жұмыстарға жас мамандармен бірге қызы Алманы да баулыған. Бүгінде ол кәсіби тұрғыда қалыптасып, өзіне қолдау көрсетіп келеді.

Иә, халыққа қалтқысыз қызмет көрсетіп келе жатқан білікті дәрігердің еңбегі бағаланып, әр жылдары ҚР Денсаулық сақтау істері жөніндегі агенттіктің «Құрмет Грамотасын», облыс әкімінің «Үздік кәсіпкер әйел» жүлдесін иеленсе, «Қазақстан стоматологтары ассоциациясы» қоғамдық бірлестігінің «Құрмет грамотасымен» марапатталды. Республикалық «Ұстаз жолы» қоғамдық қорының шешімімен денсаулық сақтау саласындағы елеулі еңбегі үшін «Алтын дәрігер» төсбелгісін иеленді. Облыстық денсаулық сақтау басқармасының ұсынуымен 2008 жылы Алматы қаласында өткен дәрігер-стоматологтардың IV съезіне делегат болып қатысты. Ал 2018 жылы Алматы қаласының білікті дәрігер-профессорларын шақырып, облыс көлемінде алғаш рет стоматологтар арасында мастер кластар өткізді.

Иә, біле білсек, мамандығына шын берілген дәрігер халық денсаулығын сақтап, салауатты өмір салтын қалыптастыруға саналы ғұмырын арнайды. Дәрігер Дүйсенкүл Тәжікова да сондай жандардың бірі. Дәлірек айтсақ, мамандығына мансап деп қарамайды, адамгершілік парызым деп біледі. Кәсібіне жүгінген көп жандардан ақыл-кеңесін аямайды. Осындай ұстанымымен ол әріптестерінен бөлек, қарапайым тұтынушының да құрметіне бөленіп келеді.

Таяуда ғана Шиелі ауданы орталығынан ашылған жаңа тіс емханасы – оның ұзақ жылдар бойғы тынымсыз ізденіске толы жұмысының жалғасы. Иә, кей адамдар «кәсіппен айналысу – қаражаты мол адамдардың ісі» деп ойлайды. Алайда адал еңбегі мен бойындағы тәуекелінің арқасында бүгінгі деңгейге қол жеткізген тіс дәрігерінің тәжірибесі – әріптестеріне үлгі. Білікті дәрігердің мақсаты – бүгінгі уақыт талабынан қалыс қалмай, үнемі жаңашылдыққа ұмтылып, жұмыстың тиімділігін арттыру. Сондықтан Дүйсенкүл Еркімбайқызы басқаратын антына адал, міндетіне жауапты мамандар адам денсаулығын сақтауда әрдайым абырой биігінен көрінетініне сенім мол.

Дәрігерлер кейбір дерттің алдында дәрменсіз. Емі табылмаған сондай аурудың бірі – АИТВ/ЖИТС. Әлемде қазір атынан ат үркетін тажал жабысқан 38 млн-дай адам өмір сүріп жатыр. Олардың саны Қазақстанда 41 мыңнан асса, Қызылордада 200-ге жетеғабыл.

Sb Назерке САНИЯЗОВА, «Сыр бойы»

«Өзімді сау адамнан кем көрмеймін»

Сергей – ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі облыстық орталықтың 2015 жылдан бергі тұрақты емделушісі. Ауру екенін өзі де осы індетке шалдыққан досының айтуымен тексерілгенде бір-ақ біліпті. Сол кездегі көңіл-күйін сөзбен жеткізу мүмкін емес.

– Естігенде есеңгіреп қалдым. Аспан айналып жерге түскендей болды. Көпке дейін өз-өзіме келе алмай жүрдім. Тек АИТВ-мен өмір сүретіндер одағының республикалық лагеріне барғанда психологтар жақсы көмектесті. Өмірге көзқарасым өзгерді, – дейді кейіпкеріміз.

Адамзат баласына қауіп төндірген кесел туралы алғашқы мақала 1983 жылы 20 мамыр күні американдық «Science» журналында жарияланды. «Оны жұқтырған адамның алдында өлімге бастайтын жалғыз-ақ жол қалады» деп көрсетті автор. Ауруға әуелгіде «гомосексуалистер обасы», кейін «XXI ғасыр дерті» деп айдар тақты. Көпке созбай тиімді вакцина жасаймыз, сонда індет іргесін аулақ салады деп жанталасқан ғалымдардың әрекеті әлі күнге нәтижесіз. Өйткені иммунотапшылық вирусы – өте хамелеон вирус.

АИТВ мен ЖИТС ұғымдарын көбі бірдей көреді. Шатастырып жатады. Шын мәнінде екеуі екі бөлек. АИТВ немесе ВИЧ (адамның иммундық тапшылық вирусы) – ауру тудырушы қоздырғыш. Ол адам қанына түскенде инфекция пайда болады. Бірақ сырт пішініне қарап науқасты сау адамнан ажырату мүмкін емес. АИТВ төрт сатыдан тұрады. ЖИТС немесе СПИД (жүре пайда болған иммун тапшылығының синдромы) – аурудың асқынған түрі. Соңғы сатысында иммунитет әбден әлсірейді. Жұқпалы аурулардың дамуына, ісіктің пайда болуына қарсы тұрудан қалады. Науқас өмірін төсек үстінде өткізеді. Ауру жұқтырудан бастап ол асқынғанға дейінгі аралық біраз жыл. Нақты қаншаға созылатыны науқастың күтіміне қарай.

Облыстық орталықтың бөлім меңгерушісі Салтанат Балықбаеваның айтуынша, вирус өле-өлгенше адам қанында болады. Өзі өте тұрақты. Сондықтан одан біржола құтқаратын екпе де, дәрі де ойлап табу мүмкін болмай отыр.

– Бірақ біз ұсынатын 20-ға жуық препарат вирустың өршімеуіне, иммунитетті көтеруге, өмір сүру ұзақтығын арттыруға көмектеседі. Науқас тек емді өне бойы үзбей қабылдауы тиіс, – дейді ол.

Фармацевтиканың әзірге басты жетістігі – түрлі дәріні қолдануға қолайлы етіп топтастырғаны. 2006 жылы үш компоненттің басын бір таблеткаға біріктірген алғашқы препарат айналымға шықты. Бүгінде осындай дәрі-дәрмектің саны 30-ға жуық. Ыңғайлылығы сол, адам күніне бір таблеткадан қабылдайды. «Ішуді ұмытып кетіппін» дегенді ұмытады.

Терапияның тиімділігін Сергей де сезініп үлгерді. Ол ақ халаттылардың айтқанын шет қалдырған емес. Өйткені уақытылы ем-дом мен қатаң режимді сақтау арқылы ғана басқалар сияқты қалыпты өмір сүре алатынын әлдақашан түсінген.

– Осында тіркелгелі бері терапияны үзген емеспін. Содан да болар, өзімді сау адамнан кем көрмеймін. Мен үшін ішіп жүрген дәрі-дәрмек өмір сүру сапасын жақсартатын дәруменмен бірдей, – дейді пациент.

Орталықтың инфекционист дәрігері Айгүл Балмаханованың сөзінше, емдік шараны Сергей сияқты дер кезінде бастаған, маман кеңесін бұлжытпай орындаған, зиянды әдеттерден аулақ адам АИТВ дертімен де биологиялық қарттық жасқа жете алады. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының долбары дәлелсіз емес. Бір ғана мысал. Әлемдегі ең қарт пациент, португалиялық Мигель 2019 жылы 100 жасқа толды. Аталған диагноз АИТВ-ның үшінші сатысында, 84 жасында анықталған. Модена университетінің (Италия) ғалымы Джованни Гуаральдидің айтуынша, бұл аты жаман ауруға шалдыққан науқастарға ұзақ әрі жақсы өмір сүру үмітін сыйлайды. Әйтсе де, Мигель ақпарат құралдарында аты-жөнінің, суретінің жария болғанын қаламайтындардың қатарында.

Қызылордалық емделушілердің арасынан бізбен бетпе-бет кездесіп, әңгімелесуге келіскені – Сергей ғана. Көбі көзге түскісі келмейді. Басқалардың мұны білгенін қаламайды. Өйткені АИТВ мәртебесін қоғамның қабылдауы қиын. Қабылдай қояды деу де қисынсыз.

– Сені бәрі шеттетеді. Оның үстіне, біздегі менталитет бөлек. Науқастардың өзі бір-бірімен араласқысы жоқ. Жариялылықтан қорқады. Ешкіммен ашылып сөйлесе алмайсың. Біз біріксек қана қиындықты жеңе алатынымызды ескермейді, – дейді Сергей.

Орталықтың бөлім меңгерушісі С.Балықбаева алалау мен кемсіту сияқты келеңсіз көріністер ауру жұқтырған адамның толыққанды өмір сүруіне, медициналық көмекке жүгінуіне, ем алуына кедергі екенін ескертті. Осы бағытта олардың құқығын қорғайтын профилактикалық бағдарламалар, халық арасында түсіндіру шаралары пәрменді түрде жүргізіліп келеді.

– Кейбіреулер «науқаспен бір үйде тұрсам, бірге жұмыс істесем, бірге оқысам ауру жұқтырам» деп ойлайды. Бос сөз. Бұл инфекция тұрмыстық жағдайда жұқпайды. БАҚ-тағы тақырыптық сенсациялық материалдар да оларды уайымға батырады. Ал қоғамның үрейін туғызады. Мұндай адамдарға тыныштығы қымбат, – дейді С.Балықбаева.

Иә, өмірде ешкім қауіптен, бәледен, кездейсоқтықтан сақтандырылмаған. Он шақты жыл бұрын АИТВ жұқтырғандардың негізгі бөлігі халықтың осал топтары, яғни есірткі тұтынушылар, жезөкшелер, түрмеде отырғандар болатын. Қазір науқастардың әлеуметтік портреті түбегейлі өзгерген. Мысалы, биыл төрт айда анықталған 13 науқастың 38,5 проценті – жұмыс істейтіндер, 23,1 проценті – зейнеткерлер. 70 проценті – ер, 30 проценті – әйел. 13 адамның барлығы бірдей инфекцияны жыныстық қатынас жолымен жұқтырған. Жартысына жуығының жасы – 20 мен 29 аралығында. Індет құрығына әдетте инъекциялық есірткі тұтынушылар, жеңіл жүрістілер, ерлермен жыныстық қатынас жасайтын ер адамдар ілігеді. Ана сүтімен сәбиге жұқтыру жағдайлары ара-тұра кездеседі.

– Облыста анықталған 3 деректің 1-інде бала 5 жасында өмірден өтті. Әкесі де, шешесі де науқас еді. Анасы «емшек сүтін беруге болмайды» дегенді тыңдаған жоқ. Екінші жағдайда баланың ауру екені 9 жасында анықталды. Әйел де өзінің дерт жұқтырғанын соған дейін білмепті, – дейді С.Балықбаева.

Мамандардың сөзінше, вирус ана сүтінде көп кездеседі. Сондықтан сәбиді қосымша тамақпен қоректендіру керектігін ескертіп отыр. Әйтпесе, АИТВ-мен өмір сүретіндер де отбасын құрып, балалы-шағалы бола алады.

Жұқпалы дерттің клиникалық белгілері бірнеше жылға дейін білінбеуі мүмкін. Бірінші сатысында ғана тыныс алу жолдары жұмысының бұзылуымен ерекшеленеді. Мысалы, тұмаудың қайталану жиілігі, ұзақтығы созыла түседі.

– Өйткені иммундық жүйе ағзаны ауру тудыратын микроорганизмдерден қорғау қабілетін жоғалтады. Екінші сатысында дене салмағы азаяды. Соның себебін білмек болған кезде ауру анықталып жатады, – дейді орталықтың инфекционист дәрігері А.Балмаханова.

Бүкіл әлемде АИТВ-ның таралу тарихы ауыр күйзелістер мен шығындарға толы. Бірақ ғылым мен медицинаның озық жетістіктерінің арқасында бүгінде ондаған мың адамның өмірін сақтап қалуға мүмкіндік бар. Емі болмағандықтан ауруды ерте сатысында анықтау дәрігерлер көмегінің тиімділігін арттырады. Ал дімкәс адамға қоғамның қолдауы ауадай қажет.

Жырлау үшін жүрек керек асылы

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Ақын, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі, Қазақстанның Құрметті журналисі Әскербек Рахымбекұлы Сырдария ауданы Қоғалыкөл ауылында 1942 жылғы 22 наурызда туған. Қызылорда педагогикалық институтын бітірген. Облыстық «Ленин жолы» (қазіргі «Сыр бойы»), «Сырдария» газеттерінде, облыстық теларадио комитетінде, облыстық партия комитетінде жауапты қызметтер атқарды.

Ә.Рахымбекұлы әр жылдары облыстық «Сыр бойы» (бұрынғы «Ленин жолы») газетінің бас редакторы, бас редактордың орынбасары, кеңесші болды. Оның «Тұсаукесер», «Сырдария әуендері», «Тұлпар туралы дастан», «Ғашық жүрек», «Айдынынан айырылған Аралым-ай», «Алтын Арай», «Тұлпарлар тағдыры», басқа да жыр кітаптары шықты. «Сырдария» кітапханасы атты 200 томдық кітаптар сериясы редакторының бірі. Екі мәрте «Жалын» баспасы жариялаған жабық бәйгенің жүлдегері.

Сырдың сырбаз мінезіндей сыралғы, ойы терең, сөзі сұңғыла ақын өткен жылдың 12 шілдесінде дүниеден өтті. Бүгін ақынның өмірден озғанына жыл толу қарсаңында әр кезеңде жарық көрген өлеңдерінен топтама ұсынып отырмыз.

Тұяғы едім тұлпардың

Қасиетті далам!
Жотасы жазық, төсі кең.
Жоныңда жортып, жұпарыңды жұтып
өсіп ем.
Мен де бір текті тұлпардан қалған
тұяқ ем,
Білмеймін қашан бәйгеге түсіп
көсілем?!

Құлыншақтай күнде желіден жоқпын
шыға алған,
Шыға алған жоқпын жиырма бесте де
құмардан.
Отызға да жеттік,
Озатын енді шығармын,
Көсілген кезде көрсетіп шаңды
шығаннан.

Қиядан шалып қыранның қанат
қағысын,
Өрікпи тыңдап өзеннің өршіл ағысын,
Бұл кезге дейін көзіне көптің түскем
жоқ,
Барлаумен жүріп жүйріктердің
аяқ алысын.

Естісем дүбір далиған мынау даладан,
Жүрегім тулап, денеме діріл тараған.
Асылы осы алысқа тартып кетермін,
Тағы тұлпардай өзінен-өзі жараған.

Жүйрікке жарау бір шаппай кету
дерт екен,
Бәйгеге түсіп бақ сынау және
серт екен.
Демеңдер жұртым:
Кеш екен, әлде ерте екен,
Түбінде тұлпар екенімді бір көрсетем.

Ал енді кеттім!
Бәстерің болса тігерсің,
Жүйріктер жонда үздік те
создық үдерсін.
Жақыны құрсын,
Түбінен жердің жіберші!
Шын тұлпар болсам, жұртым-ау,
сонда білерсің.

Қасиетті далам!
Сене бер, енді көсілем,
Тұлпарлар тартқан көк
жазықтардың төсімен.
Сейіссіз өстім,
Тек содан секем аламын,
Бабыма келмей кетпеймін бе
деп осы мен...

Жетім шал

Санаулы әр уақытың, әр сағатың,
Татымы аз таңдайдың да тамсанатын.
Келгенде көк есекпен көлеңдетіп
Алдыңнан ақ кемпір жоқ
қарсы алатын.

Жасаурап жанардың да сөнген нұры,
Құр күйбең ісіннің жоқ өнген бірі.
Қара шал жетімсіреп қалған еді,
Арулап ақ кемпірді көмген күні.

Өз халін ешкімге жоқ сезікті еткен,
Әйтсе де қайғы еңсесін езіп кеткен.
Жетісін кемпірінің бергеннен соң,
Үй көрмей көпке дейін кезіп кеткен.

Қыз да бар, келін де бар, бала да бар.
Жайы жоқ десе-дағы жараланар.
Отырған отан болып осы ошақтың
Кезі көп қызығынан дара қалар.

Ұл кетер қолтықтасып келінменен,
Қыздың да көмейінде көңілді өлең.
Қалғанда қызыл қарын немеремен
Ойлайды:
«Осы екен-ау өмір деген!»

Өмірден талай кетіп, талай келер,
Тұяқтан тұяқ солай тарай берер.
Қара шал сәл нәрседен көңілі қалса
Жалтақтап қорым жаққа қарай берер.

Жас болса сексенге де жетіңкіреп
Қалған кез тұтастардың кетіңкіреп.
Көшеде өзі шақтас шал кездессе,
Қарайды бір-біріне жетімсіреп.

Көңілдің күнде түсіп жапырағы,
Түсінде бір тұңғиық батырады.
Ақ кемпір шыға келіп тұңғиықтан
Қол бұлғап баяғыдай шақырады.

Әйтеуір шыдар жүрек,
Шыдар миың,
Кім бар-ау мына шалдың ұғар күйін?!
Жетімдік жас күндегі жетілер-ау,
Қартайған шақтағысы шығар қиын.

Ақындық

Күй күтіп күміс көмей домбырадан,
Құлағын домбыраның он бұраған.
Ауылдың асық атқан баласы едім,
Ақындық осы қайдан қонды маған?!

Жорға ма топ алдында тайпалмаса?!
Жүйрік пе оза шауып
бәйге алмаса?!
Ал енді соның бәрін біле тұрып,
Құлқым жоқ кеу-кеу менен
айқайға аса.

Беттедім осы бүгін қырға басқа,
Жүйрікті жуассынып ұрма басқа.
Бойыңда бұлан күшің болғаннан соң,
Бәрібір қоймайды екен жырламасқа.

Өмірдің ұғамын деп мағынасын:
Біреуге бастығым деп бағынасың.
Біреуге бәсің кетіп шағынасың,
Бір өмір өтіп жатыр, неғыласың ?

Той болса кісі күтіп сабыласыз,
Кейде өзің қонақ боп та табыласыз.
Осынау күйі күшті қызу тірлік
Мен үшін жыр жазбасам мағынасыз.

Қызық-ау, шіркін мына өмір деген,
Күйінем,
Күйіп тұрып көңілденем.
Көре алсам өлеңімнен өкініш жоқ,
Жүзімді жұртыма әлі көрінбеген.

Мейлі ақымақпын,
Ақылдымын!
Жұртына жоймас жүрек жақындығын.
Көңілін көпшіліктің бір білдірсем,
Ағайын, сонда менің ақындығым.

Екі перзент

Жұртым-ай,
Құпиям көп жан білмеген,
Жердеймін көгеретін жаңбырменен.
Екі перзент бар менде:
Бірі – балам,
Екіншісі – өлеңім әлдилеген.

Бала-перзент басады бұлғағына,
Өлең-перзент тартады ырғағына.
Бірінің де тапқам жоқ көңіл күйін,
Бөле-жара бұрғам жоқ бір жағына.

Екеуіне елжіреп егізімдей,
Көп жатамын кей түні көз ілінбей.
Бала-перзент – ұрпағым,
Ал өлеңім –
Кейінгіге білдірер сезімімдей.

Домбыраның құлағын қыза бұрап,
Көңілдегі кірбіңнің тұзағын ап;
Екеуіне тілеймін ұзақ өмір,
Қайсың жасар екенсің ұзағырақ?!

Тигізбеңдер таяқты таза етіме,
Тілің тасқа,
Бал ашып қажетіне не?!
Қайсың жарар екенсің, егізім-ай,
Келешекте халқыңның қажетіне?!

Қыран бол деп өсірген балапанды,
Батыр бол деп өсірген балақанды –
Бабалардың атынан бата берем,
Екі перзент,
Жайыңдар алақанды.

Туған топырақ

Өлді ол...
Намазына жиналды көп,
Сексеннен асқан бұл шал
иманды деп.
Атын бір туған жердің атай алмай,
Сол кісі кетерінде қиналды көп.

Тұс-тұстан келмеді іздеп туыстары,
Арулап ақ төсегін жуыспады.
Жарықтық соңғы сәтте әлдене деп,
Апыр-ай, ақ топырақ уыстады.

Мына жай, сірә да, естен кетеді ме?
Жегілем ауыр ойдың жетегіне.
Жазы өтіп,
Тұла бойы тоңазыса,
Құстар да қайтпайды ма мекеніне.

Кезінде қаны тасып,
Қайрат қылар,
Алысқа кетті делік айлап құлар.
Сонан соң жұртына бір соқпаған ба,
Санаңда,
Сарайында сайрап тұрар.

Оқушым,
Осы жайды өзің білер,
Ойласам пендешілік сезім кірер.
Ақ жұртқа жығылсам кеп арманым
жоқ,
Кезімде күнім жетіп көз ілдірер.

Әзірге отым сөніп, тоқырағым
Келмейді,
Толғап соны отырамын.
Түбінде қызығымды сен көресің
Торқалы туған анам – топырағым!

Дос едік қой...

Байқаттың-ау, бар болғыр,
тосын пішін,
Кімсің осы –
Дұшпан ба?
Досымбысың?
Алайықшы арасын ажыратып,
Не де болса көрерміз сосынғысын.
Бұрынғыдай емессің,
Бұлданасың.
Бірге жүріп бүлініп,
Былғанасың:
Мен жабықсам –
Жымиып нұрланасың.
Ал қуансам –
Себепсіз сұрланасың.

Сонда не бұл?
Сен неге сыр бағасың?
Дос едік қой,
Көзіме бір қарашы.
Қызғаныш па?
Апыр-ай, не жетпейді?
Осы менен сен нені қызғанасың?

Тартысармын басқамен,
Таласармын.
Жауласармын,
Болмаса жарасармын.
Не жетісіп, жазған-ай, жүрмін дейсің,
Жүрегіңе жоқ сенің жара салғым.

Дос едік қой,
Алдыңда аласардым,
Қолдан келсе әлі де қарасармын.
Тап осылай, жарқыным тарта берсек,
Таяп қалған сияқты тарасар күн.

Екі шал бар мінезі мамыражай,
Жайдақ мінген түйені жазыламай.
Екеуміздің әкеміз –
Екі шалдың
Достықтары қимайтын қазынадай.

Біздегі не?
Соларда-ау жүрек деген!
Отыратын үмітпен,
Тілекпенен.
Елу жыл дос болғанда
Екеуінің
Арасынан, апыр-ай, қыл өтпеген.

Бір-біріне қаратып асым етін,
Бірдей бөлген қайғысын,
Қасіретін.
Қарапайым қазақтың шалдарының
Бермеген-ау бізге сол қасиетін.

Біздің ұрпақ

Тербетілдік тағдырдың толқынында,
Кеткен жоқпыз жойылып
жойқынында.
Азаматтар аттанған жортуылға,
Қаһармандар қатарын толтыруға.

Қайтпай қалды көбісі жорықтардан,
Көкемізді сұрадық жолыққаннан.
Сүргіннің сол сыңайын көріп қалғам,
Мәңгүрт болып кеткенмін
қорыққаннан.

Көнбегенде қайтеміз,
Көнеміз кеп?!
Жетім қозы жүгірді көген іздеп.
Көрмегенді жүргенде көреміз деп,
Тасқа соқты тал түсте кемеміз кеп.

Болады деп енді не елеңдедік,
Неменеге қуандық,
Неден жеріп?
Баяғыдан бай дедік,
Кедей дедік,
Кететін кез келер ме кемелденіп?!

Белең алып барады бейімділер,
Бейімделіп қалғандай кейінгілер.
Көре алмай жүр күндерін зейінділер,
Зейіндінің қадірін кейін білер.

Ауырсынам арбаға жегілгендей,
Түршігемін текеге телінгендей.
Етегіме сүрінем ебім келмей,
Көресіні көрдің-ау көбің мендей.

Жазғырады жүрсің деп бейімделмей,
Сені мен біз сенделдік сенімге енбей.
Сенің нендей кінәң бар,
Менің нендей?!
Ерте тудық несіне,
Кейін келмей?!

Не жау тиген байғұс-ау балағыңа?
Көшедегі көп күшік талады ма?..
Айналып жүр ала бұлт,
Жауады ма?
Қоңыз теріп кетпесек жарады да.

Ерте туып,
Кейіндеп қалдық па елден?
Мына миды қайтеміз мәңгүрттенген?!
Қаймана да емеспіз қаңғып келген,
Анамыздың жылуын алдық жерден.

Тағдырымыз тастады бізді құрсап,
Бағы ашылмай барады біздің ұрпақ.
Жүре жолға жүгініп жүзді бұрсақ,
Іздер ме екен інілер бізді бір сәт?...

Шабыт

Шабыт құсы төбемде айналып жүр,
Балағына қыранның байладым нұр.
Ар жағына дарияның айдадым жыр,
Кезің келді сайрайтын,
Сайра, бұлбұл!

Сайра,
Сайра,
Сайрап қал, сандуғашым!
Шабыт атты шалқыған
шалғындасың.
Тынысыңды табиғат талдырмасын,
Тежелерсің құмарды қандырғасын.

Айхай, дүние!
Айналам арай да арай.
Аспанға ұшып барам ба,
Қалай-қалай?!
Тау – теңгедей,
Теңізің – шарайнадай,
Майда тірлік қалған-ау маңайламай.
Самұрық құс мен болам мінген алып,
Айдан асып,
Тірелем күнге барып.
Жұлдыз болып тұрамын түнде жанып,
Ғарыштағы жүремін жүлдені алып.

Бұл не сонда –
Аңыз ба?
Ертегі ме?
Кербез күйді кербез қыз
шертеді ме?
Жан-жүйеңді еріксіз ертеді ме?
Елдің жалғыз ұқсаймын еркегіне.
...Үйден шығам ербиіп ертеңіне.

Қоғалыкөл

Арғы жағы ауылдың – Қоғалыкөл,
Қоңырсалқын сол жақтан соғады жел.
Қоғалыкөл,
Жағаңа қонады ма ел?
Бәлкім, сені біреудің боданы дер,

Жағалауда жүрген кім қайық алып?
Қайықтыдан қайтқан кім айып алып?
Жайын алған кезде де байымадық,
Қара інгенді, інішек, қайыралық.

Қоғалының жағалап жағалауын,
Жүруші еді-ау желпініп ағаларым.
Қайдан енді, ағалар, таба аламын?
Қанатымды, қайтейін, сабаладым.

Су алғанда сызылып жеңгелерім,
Көріктеніп кететін көл дегенің.
Сендерді аңсап, жеңгелер, сенделемін,
Кемел жасқа кеп қалды «кенжелерің».

Кеше ғана құп-құттай құлын едім,
Ұшып кеткен ұядан ұлың едім.
Жағалауда үн-түнсіз үгілемін,
Топырағыңа, туған жер, жүгінемін.

Заман жоқ деп жататын жайын алып,
Ақыл айтар басшылар байып алып.
Аттың басын, інім-ай, қайыралық,
Қайда кеткен қара інген қайып алып?..

Шамырқанып көл бетін шолады ер,
Бақыт құсы қашан кеп қонады дер.
Күнің қандай ертеңгі болады ел?!
Қоғалыкөл,
Қай жақтан соғады жел?!

Қаратау

Тас атып тұр тал түсте тауыма кім?
Түсі бөтен түктіні танымадым.
Қасиетті Қаратау –
Аруағым!
Аруақты қорлама,
Ауырамын!

Қаратауым –
Қадірлі шаңырағым.
Шаңырақтан шаң үрсе не қыламын?!
Тіл тигізбе тауыма,
Жалынамын,
Жалынғанға қоймасаң жауығамын.

Бұл тау үшін жас батыр басын берген,
Қанын шашқан хас ару қасын керген.
Алты арыстың ардақтап асын берген,
Алты Алаштың көзінің жасын көрген.

Тайсалатын жөнім жоқ түктілерден,
Көмейі кең, түбі тар күптілерден.
Шығысыңды шырқатқан
шықтым елден,
Түркістанның түтіні тіп-тік өрген.

Қасиетті хан тауым –
Қаратауым!
Қабағыңа қарайды қара қауым.
Қазынаңды қазып ап жаратамын,
Қайғым болса қалайша таратамын?..

Сағыныш

Ауыл қашық, ақсақал, алып-ұшпа,
Ал аттандық,
Ақбоздың жалын ұста.
Сары шал-ай,
Барасың қызғыш тартып,
Көзіндегі немене,
Сағыныш па?

Жеткізбейді сар дала,
Сағым мынау,
Жусан иісі жүрекке жағымдылау.
Алабұртып келесің,
Сары шал-ай,
Туған жерді шамасы сағындың-ау.

Жортса болар,
Ақбоз ат алымды екен,
(Айтпай ұқты шалың да
шалымды екен).
Аттың басын түзеді ақ жазыққа,
Кәрі көңіл шабытты шағында екен.

Басы қатты ақбоздың,
Ағындылау,
Терлетпесең,
Түк емес шағын бұлау.
Сал күреңге қамшыны басып келем,
Шалдыратын емес қой шалың мынау.

Жосылтады жүйрікті қалай-қалай,
Сәйгүлікке мінген ғой талай-талай.
Құса болмай қалада қалай жүрсің,
Атқа жақсы шабатын сары шал-ай?!

Жарықтық-ай,
Барады-ау жанып ішің,
Күшің барда бір шауып қалу үшін,
Ақбоз атпен ағындап,
Туған жерге
Айтып бара жатқандай сағынышын.

Сағыныш қой шалыңды айдап келген,
Қуанышы болар бұл айлап көрген.
Туған жер-ай,
Бір бәлең бар-ау сенің,
Қарт жүрекке осынша қайрат берген.

Ақынға

Шыныңды айтшы,
Мен де айтайын,
Мақұл ма?
Өлеңіміз өмірге осы жақын ба?
Жырлау үшін жүрек керек асылы,
Ақиқатты айта алмаса ақын ба?!

Түйсіксіз ғой деме мені,
Түсінем.
Қаймығамын көзі түскен кісіден.
Жұрт алдында жыр оқуға зәрем жоқ,
Боқтап біреу отыр ма деп ішінен.

Ақ жарылып айту бізге міндеттей,
Ал үндемеу –
Іште қалған індеттей.
Жан-жүйемде жүріп жатыр бір майдан,
Қиналамын ой жеткенмен,
Тіл жетпей.

Шеберлік-ау жетпей жатқан,
Дұрыс па?
Жаза-жаза ширығармыз,
Ұрыспа.
Шіркін, бабаң Махамбеттер ақын ғой
Айтқан сөзі тең түсетін қылышқа!

Сен де ақынсың,
Мен де ақынмын –
Ақынбыз!
Өзімізді ақын дейік мақұл біз.
Махамбет пен Абайларға жақынбыз,
Жақын болып не бітіріп жатырмыз?!

Ақ көңілміз,
Шындық біздің анамыз.
Болмайтынға иланамыз,
Нанамыз.
Жанбайтынға жалындаймыз,
Жанамыз.
Айырма жоқ,
Айнымаған баламыз.

Пысықтар көп,
Кетіп жатыр ақымыз,
Пысықтарға пысқырмау да хақымыз.
Мейлің тілмен,
Мейлің көзбен атыңыз:
Ақын болсаң –
Осы табиғатыңыз!

Ақындық жол ауыр дейді,
Шыдармыз!
Шыдай-шыдай шындықты да ұғармыз.
Жырымызды жатқа оқыған жоқ ешкім,
Содан қорқам...
Ақын емес шығармыз.

Ақынсың ба?
Жауабыңды айт қайтарар!
Ақын болсаң жаның қалай жай табар?!
...Шын ақынның шығарына сенем мен
Біз айтпаған ақиқатты айта алар.

ҚАЗЫНА

Ұлт тарихындағы азалы кезең – ашаршылық зұлматының зардабын сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Мемлекет басшысы өз мақаласында ғалымдар тарапынан осы тақырыптың әлі күнге дейін шынайы бағасы берілмей отырғанына назар аударды.

Сол бір қасіретті кезеңнің сұп-суық көрінісін көз алдыңа келтіріп, қазақ халқының көрген қиямет-қайымын қаз-қалпында қағазға түсірген қазақтың белгілі жазушысы, «Алаш» сыйлығының иегері Адам Мекебаевтың «Құпия қойма» романын қолға алып, мазмұнына бойлап көрейік. Қазақ ұлтының тарихындағы ауыр да ащы қасірет еді бұл. Иә, біз үшін ең маңыздысы – романдағы тарихи шындық. Бүгінгі және болашақ ұрпақ бұл шығарманы оқи отырып, өткеннің ащы сабағын ұғынуы тиіс. Осы тұрғыда Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты Айман Айтбаевамен «Құпия қойма» романының идеясы мен көркемдік мазмұны тақырыбында ой бөліскен едік.

«ҚҰПИЯ ҚОЙМАНЫҢ» СЫРЫНА ҮҢІЛСЕК...



– Сіздің ойыңызша, яғни, қоғамдық-саяси тұрғыдан қарағанда, «Құпия қойманың» тақырыбы мен идеясы қандай?

– Роман 1979 жылы «Жалын» баспасынан шықты. Ол уақытта қазақ әдебиетінде ашаршылық тақырыбы мүлдем жабық тақырып болатын. А.Мекебаевтың азаматтығы сол, тоталитарлық билік үстемдік құрып, қылышынан қан тамып тұрған кездің өзінде адамзатты қынадай қырған ашаршылық жайлы ақиқатты боямасыз, бүкпесіз шынайы жаза білгендігінде еді. Оқырманын еріксіз алға жетелейтін романның «Ол бүгіннен қалмай баласы мен әйелінің, сонан соң өзінің аштан өлетінін білді» деп басталуы болса, сонымен бірге, бейшара халге түскен адамдар тағдыры.

Тарихи салмағы басым көркем шығарманың негізгі идеясы – сол бір сұрапыл кезеңдегі қазақ халқының тақсыретті тағдыры. Жұмыр жердің төрт құбыласына тарыдай шашылған қандастарымыздан айдың күннің аманында айырылсақ та, шаңырағымыз сан рет шайқалып, өмір мен өлім белдескен, тұтастай ұлттың тағдыры қыл үстінде тұрған қиын-қыстау кезеңдерде де келер күннен үміт үзбеген қайсар халқымыздың бітім-болмысын көрсету. Аласапыран заманда аштан өлсе де, ардан безбейтін текті халқымыздың қадір-қасиетін романдағы күрделі қайшылықтар арқылы айқындау.

Романдағы оқиға кейіпкерлері біздің Сырдың бойы, Қармақшы жерінің тұрғындары екенін жақсы білеміз. Шығарманың басты кейіпкері – Түктібайдың болмысы арқылы шытырман оқиғалы туындының мазмұны ашы шындықтың жүгін көтеріп тұр. Адами мінез-құлықтың, ниет, пиғылдың өзгерісін терең сараптай келіп, автор қорытынды жасауды оқырманның өз еркіне қалдырады. Оқырманның да ойы сан-саққа шашырап, әуелгіде тажал ортасынан тірі қалу үшін арпалысқан басты кейіпкерді қиянатқа қия алмай дал болады. Алайда оның жеке басының қамы үшін қаншама жазықсыз жандарды құрбан етуін қалай құптармыз?.. Иә, шығарманың соңына жеткен оқырман ақылесі түзу, сана-сезімі қалыпты, ой-өресі орнықты адам баласының қандай жағдайда болмасын, адалдықтан, ардан аттамайтынын аңғарады. Оған ашкөз кейіпкердің қолынан қаза болған бірнеше адамдардың өмірі дәлел. Сол арқылы автор ащы шындықты әйгілеп, дәйекті оқиғалар желісіндегі адами келбеттің айқын сипаттамасы оқырманды ауыр ойға жетелейді.

Оқиға желісі бас кейіпкер Түктібай бейнесі арқылы суреттеліп, зұлмат қасіреті айқындала түседі. Аштықтан әбден қалжыраған, қайратжігерден айырыла бастаған Түктібай әйелі Сырғалыға өзін өлтіріп, баласымен екеуіне өз етін қорек етіп, аман қалуды ұсынады. Демек, аштық зардабы әбден бойын жеңіп, одан соң ақыл-есін, адамдық қасиетін де жеңе бастағаны еді. Осы жерде Сырғалының: «Ата-анасының етін жеген бала ұрпақ болып жарытпайды» деген бір ауыз сөзі адамзат баласына үлкен ой салатындай. Жазушы бұл арқылы өлім мен өмір тайталасып тұрған шақта адамдық қасиетін жоғалтпай, ар-ожданын биік қойған, бүгінін емес, ертеңін ойлаған қазақ әйелінің болмысын танытады. Сол сияқты, адал ниетті Мәдина да ақыр аяғында алаяқтың құрығына түсіп, тағдыры тәлкекке ұшырады. Түпкі мақсатына жеткен соң Түктібай оны бала-шағасымен тастап, қашып кетеді. Ал ана байғұс жетімектерін жетелеп жүріп жеткізеді.

Айта кетейік, жыл басында Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Алаш» сыйлығының иегері Адам Мекебаевтың замана сырын шертетін көркем туындыларын ұлықтау мақсатында «Болашақ» университетінде Адам Мекебаев шығармаларындағы Ұлы дала құпиясы» тақырыбында республикалық ғылыми-танымдық конференция өткен болатын. Онда елімізге белгілі ғалымдар ой бөлісіп, жазушының талантын жан-жақты қырынан аша білді. Осылайша Сыр бойының зиялы қауымы туған жердің талантты перзентіне құрметін білдірді.

– Шығарманың басты кейіпкері Түктібайдың жанкештілігінде шек жоқ. Алайда қанша қарманса да, ажал аранынан құтыла алмады...

– Романдағы Түктібай бейнесі – адам жаратылысының мың қатпарлы екеніне дәлел. Ондай адамдар қырық жыл қырғын болса да өлмеудің қамын табады. Дегенмен, аштықтың тырнағынан құтылам деп қанша тырбанса да, Алланың құрығынан құтыла алмады. Өлер шағында оның өз жазасын өз аузымен айтқызды. Талшық іздеп барып, жат елдің итіне таланып жатқан Түктібай ажыратуға ұмтылған қазақтарға: «Тимеңдер, төбетке!.. Таласын, таласын! Біз де бір кездерде өз халқымызды ит болып талағанбыз!» деп өліп кетуі қандай әсерлі?! Міне, шеберлік!

Иә, ашыққан адамның психологиясы өте қатты өзгереді. Десек те, романда қанша қиналса да, ең соңғы мүмкіндікке дейін баласын жеуді ойлаған кейіпкермен кездеспейміз. Тек бір ғана жерде Түктібайдың өліп жатқан адамның сан етінен кесіп жеуді ойлағаны адам жанын түршіктіреді... Миллиондаған адамнан айырылып қана қоймай, сана өзгеріп, адамшылықтан айырыла жаздадық. Қаншама ауыр да ащы, қайғылы да қараңғы күндер болған сайын жарыққа ұмтылу керек. Сүрініп жығылмаңыз, қанатыңызды талдырмаңыз деген пассионарлық қасиетті, ерекше ұлттық мінез-құлық ерекшілігімізді жазушы Қабыш пен Мәдинаның образына жинақтау арқылы береді.

– Иә, оқиға кейіпкері Қабыш та көппен бірдей тауқымет тартты. Ұрпағының зұлматтан аман қалуы оны да ойландырды ғой. Әйтсе де қиянатқа бармады. Соңында қара ниетті Түктібайдың қолынан құрбан болды...

– Қабыш қазақ ортасындағы халық өкіліне тән шынайы болмысымен бейнеленген. Түктібайдың кезекті құрбанына айналған ол – сол кездегі дәрменсіз қазақтың өзі секілді. Аштықтың азабын тарта жүріп, ардан аттамайды. Айналасына қиянат қылмайды. Тіпті Сатыпалдының құпия қоймасының қайда екенін білсе де, аманатқа адалдық танытып, қойманы іздемейді. Күнделікті аулаған азын-аулақ балығымен бала-шағасын аш қалдырмайды. Алайда көкейін қазынаны табуға деген құмарлық жайлаған ашкөз Түктібайдың құрбанына айналды. Бір ғана көңіл медеті – артында ұрпақ қалды. Солар тірі қалар, солар тіршілігін жалғастырар... Жазушы бар жоғы үш-төрт кейіпкер арқылы: Сатыбалды, Қабыш, Мәдина, Түктібай, Сырға, Жиенқұл өткерген тақсыретті халді суреттей отырып, тұтастай қазақ халқы басынан кешкен қасірет сырының құпиясына оқырманын еріксіз үңілдіреді. Оны жалпыұлттық деңгейге дейін көтереді. Тағдырдың ауыр сынағы тура келгенде адамдардың әр-алуан мінез-құлық қасиеттеріне сәйкес әрекеттерімен танылатыны реалистікпен сараланған.

– Қабыштың жары Мәдинаның бейнесі қандай?

– Мәдина – қазақ әйелінің рухани әлемін танытатын бейне. Роман соңында Мәдинаның оң жағында адам атаулыға жақсылық жасауға жаны құмар азамат, жан жарынан қалған тұяқ – Серғазысы, сол жағында сөз еткендер өкпесіз, ренішсіз еске түсірмейтін қаражүрек кісінің қанынан жаралған ұрпақ – Тоқшылық тұр. Ана байғұс солардың болашағын ойланбай тұра алар емес. Болашақтың иесін дұрыс тәрбиелеу – ұлттық иммунитетті егу, бұл – адами парыз. Осы жауапкершілігі мол міндетті жазушы әйелданаға сеніп тапсырғандай. Романның көркемдік шешімі де шынайы. Жазушы өзінің әрбір шығармасы арқылы «жаным арымның садағасы» деген халық даналығын еске салып, түйінді ой тастайды, тәрбиелейді, толғандырады.

Романның үш бөлігіндегі сюжеттерде Мәдинаның жары Қабышпен бірге тамақ іздеп сабылған сәттерінде қаншама рет қауіп-қатермен бетпе-бет келгені, күйеуі қаза тапқан кездегі жан күйзелісі, бәрінен қиыны, күйеуін Түктібайдың өлтіргенін білмей, өзін және балаларын аштықтан құтқару үшін алаяққа алданып, оған әйелдікке амалсыз көніп қор болғаны, осының бәрі – өте ауыр болса да, өмір шындығы. Ең соңында жасырылған қойма кілтін Түктібайға беріп, өзі оның арбауына түсіп, «құрбаны» болғанын білмей де қалады. Бұл бір ғана Мәдинаның кешкен тағдыры емес, бүтін ұлттың қасіреті еді...

«Құпия қойма» романы – өмір қозғалысындағы адам жанының алуан түрлі құбылыстарын жан-жақты қамтуымен ерекшеленетін шығарма. Эпикалық туындыдағы психологиялық талдаулармен бейнеленген кейіпкерлер жан әлеміне тән қарама-қайшылықты қасиеттер, құбылыстар негізделген қарым-қатынастар да, көңіл-күй қобалжулары, тебіреністері де суреткерлік таныммен қамтылған. Романның тұтас желісінде психологиялық егіздеулер үнемі өріле қолданылған. Кейіпкерлердің ішкі сезімдері мен қоршаған әлеуметтік-тұрмыстық ортаның табиғат құбылыстарымен, көріністерімен қатарлас бейнеленуі шығарманың көркемдік сипатындағы әсерлілікті дамыта, күшейе түскендей сабақтасып отырады. Өкіметтің қуғын-сүргіні, ес жиғызбай сыпырып-сиырған алым-салығы, ішіп-жеуге ештеңесі қалмай аштықтан бұралып далада да, үйінде де өліп жатқандар, жүрек жалғарлық тамақ іздеп сабылғандар, т.б. барлығының да табиғат келбетімен қосарлана бейнеленуі романның психологиялық талдаумен өрілген композициясындағы шынайы эстетикалық сымбатты танытады.

– Оқиғаның соңында құпия қойманы тауып, өліп-талып жеткен жеткен дүниесі Түктібайға опа бермеді...

– Иә, оқиғаның басты кейіпкері Түктібай бұл қойманы табу үшін қалай жанталасты десеңізші? Ә дегеннен-ақ әйелінен, баласынан айырылды. Ашу-ыза бойын кернеп, жолында кездескеннің бәріне жауыға қарады. Өзі секілді аш-арық, әбден жұтаған жандардың бала-шағасы үшін әзер деп тапқан талшығын тартып алып, қиянат жасады. Мойнына қаншама жазықсыз жанның қанын жүктеді. Қабышты өлтіре тұрып, оның жары Мәдинаға қамқорлық танытқан болып, ақыры құпия қойманың кілтін қолына түсірді. Бірақ көлденең келген дүние опа бермеді. Жанын аман алып қаламын деп жат елге жеткенде итке таланып, жарық дүниемен қош айтысты... Бірақ Мәдинаның құрсағында оның ұрпағы қалды. Ары таза, адал Қабыш пен арам ниетті Түктібайдың ұрпағы бір отбасында қатар өседі. Бұл да жақсылық пен жамандықтың қашан да қатар жүретінінің көрінісі секілді...

Адамзат өміріндегі, оның ішінде қазақ халқының басынан өткен қасірет – аштық зұлматы тақырыбында ашық жазған Адам Мекебаевтың еңбектерінен кейін, жерлесіміз, режиссер-драматург Әмір Мәжитовтың «Бір үзім нан» пьесасы да – оқырман көңілінен жоғары орын алған шығарма. Бұл жерде Сыр бойы жазушыларының кеңестік саясаттың қысымынан қаймықпай, жабық тақырыпқа қалам тартқаны бізді бейжай қалдырмауы тиіс...

«Адам Мекебаев – мына жарық дүниенің сыры мен жұмбағын сөз дейтін киелі әлем арқылы қабылдап, тануға бар саналы өмірін арнаған жазушы» дейді ақын, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Н.Оразалин. Расында, жазушы сол бір құпия қойманың сырын ашу арқылы өмір үшін арпалыстағы адам жанының да мың қатпарлы құпиясын терең толғап, қаз-қалпында алға тартады. Осы орайда көрнекті жазушы Адам Мекебаевтың «Құпия қойма» романы Тәуелсіз Қазақ елінің тарихында өшпестей орны бар көркем туынды екенін тағы бір мәрте айтқымыз келеді.

Әңгімелескен
Ғазиза ӘБІЛДА

Ел Тәуелсіздігін нығайту және мемлекет бюджетінің қаржы қорын реттеуде қаржыгерлердің еңбегі ерекше. Бұл – қырық жылға таяу осы саланың қыры мен сырына қанығып, қызмет атқарған жылдардағы тәжірибеден туған пікір. Қазір зейнеткерлік кезеңді бастан өткерудемін.

Қаржы саласының қара нары еді

Жастық шақта облысқа, ауданға танымал ел экономикасының өсіп-өркендеуіне өлшеусіз үлес қосып, қаржы саласының қазанында қайнап, оны дамытуға үлес қосқан майталман мамандармен қызметтес болып, олардан дәріс алғанымды мақтан тұтамын. Олардың көбі бүгінде бақилық болды. Алайда іскерлік, ізденімпаздық, талапшылдық, қызметке адалдық қасиеттері кейінгі ұрпаққа өнеге болып қала бермек.

«..Кезегім келіп, кеткенде келмес сапарға, қалмасам екен іздеусіз, ізсіз, жоқтаусыз» деп ақиық ақын Мұқағали Мақатаев айтпақшы, Базархан Төрекұлұлы Ақжігітовті білетіндер мен қызметтес болғандар ұмытпайды. Кезінде әріптесім әрі інім болған Базархан кенеттен ауыр наукастан өмірден озған кезде мынадай ой келді: күнде бір-біріңді көріп жүрсең қадіріңді білмейсің, дұрыс бағаламайсың, уақыты келгенде мәңгілікке қоштасатыныңды сезбейсің. Ал бірталай уақыт өткен соң, сол адамды сағынып аңсайсың.

Тәуелсіздікке қол жеткізген кезде ең алғашқы міндеттердің бірі салық саясатын лайықты жолға қою болды. Бұл нарықтық экономикаға көшіп, мемлекетте инфляция мен жұмыссыздық етек алып, мекемелердің есеп-шоттарында мардымды қаражаты болмаған шақ еді. Банктерде нақты ақша тапшылығы туындап, жұмысшы-қызметкерлердің еңбек ақысымен чектей, заттай балама есеп айырысатын, орасан зор бюджет тапшылығы орын алған кезең болатын. Басқаны айтпағанда, мемлекеттің зейнеткерлерге қарызы жарты миллиард долларға дейін, төлем кешігуі 6 айға дейін жеткені естен шыға қойған жоқ.

Бұл тұста нарық қыспағына түскен халық жаппай саудасаттыққа бет бұрды. Алыпсатарлар мен қосып сатарлар күн санап көбейді. Күнкөріс қамымен әйелдер, жас қыздар ауыр жүк арқалап, отбасы таукыметін өз мойындарына алды. Базарларда, рұқсат етілмеген көше бұрыштарында жабайы саудамен айналысып, бала-шағасын асырауға кірісті. Бұл кәсіпкерлік қызметтің басы болатын.

1991 жылдың шілдесінде Президенттің Қазақ ССР Мемлекеттік салық салу қызметін құру туралы Жарлығы шықты. Әлі есімде, сол кездегі облыстық қаржы бөлімінің бастығы марқұм Камал Шөкенов келіп, Сәндібек Аманжоловтың облыстық салық комитетіне бастық болып тағайындалғанын, енді ауданымызда да салық комитеті құрылатынын хабардар етті. Жасыратыны жоқ, әлі он екіде бір сайманы жоқ, қазығы қағылмаған мекемеге жылы орнын суытып ешкім барғысы келмеді. Камал Шөкенов орысша араластырып сөйлейтін кісі болатын. «Жасырмаймын, бұл мекеменің жұмысы оңай болады деп айта алмаймын, будете пахать как лошадь» деді. Ауылда екі күн болып, жоғары білімді, іскер жас маман Базархан Ақжігітовті жаңа мекемеге басшы етіп тағайындады. Мен қаржы бөлімінде қалып қойған болатынмын. Салық инспекциясы өз алдына отау тігіп, шаңырақ көтерісімен көп ұзамай Базархан Төрекұлұлы шақырып, кооперативтер мен жеке кәсіпорындардан салық алу бөліміне бастық болып ауысуымды сұрады. Келісім бердім, осылайша жаңа саланың қызметіне кірісіп кеттім.

Салық инспекциясы құрылуы мен қалыптасуының бұл қиын кезеңінде түрлі әдістермен мемлекеттен табыстарын жасырып, салық төлеуден жалтарушылар қарасы көбейе бастаған. Қарамағымдағы сегіз қызметкермен бірге біздің бөлім мұндай тұрғындармен заң аясында жұмыс жүргізді. Басшымыз Базархан халықпен де, ұжыммен де тіл табыса білетін. Қандай да бір жағдай болмасын қатты келмей, әзілдеп отырып-ақ айтайын дегенін адамның жетесіне жеткізетін қабілеті бар білікті басшы болды. Бір кәсіпкер келіп: «Бір дүкенім осы бетте, екіншісі темір жолдың арғы бетінде. Бір патентпен жұмыс істесем бола ма?» деп құйтырқы сұрақ қойды. Базекең миығынан күліп ұтымды жауап берді. Нақты жауабын алған кәсіпкер шығып кете барды.

Шөкенов ағамыз айтса айтқандай, салықтың дұрыс есептеліп, бюджетке толық және уақытылы түсуіне бақылау жасау жауапкершілігі көп, өте ауыр, қайнаған жұмыс екен. Біздің назарымызда міндетті түрде салық төлеушінің шығындарының құрылымы, өнім бағасының өсуі, жергілікті нарықтағы жағдайы оның рентабельдігі тәрізді маңызды бағыттар болатын. Базарханның ұйымдастыруымен 38 қызметкер істі бір ізге салып, нәтижесіне көз жеткізгенше, тыным таппайтын едік. Уақытпен санаспай басшылық талабына орай барлық есеп-қисап жұмыстарын есепшотпен жүргізіп, том-том кітаптарға енгізіп, ауызбірлікпен қызмет атқардық. Ол өзі басшылық жасаған кезеңде салық жүйесін қалыпқа келтіруге күрделі реформаларды жүзеге асыруға, аудан экономикасының өсіп-өркендеуіне аянбай атсалысты.

1997 жылы желтоқсан айында Базархан Ақжігітов облыс бойынша салық комитеті төрағасының орынбасары болып жоғарылады. Оның орнына Қазалы ауданы бойынша салық комитетінің төрағасы болып аудандық мемлекеттік қаржы-бақылау комитетінің бастығы Талайлы Бөркұлақов келді.Талайлы Әмитжанұлының да салық комитетінде атқарған еңбегі ерекше. Базарханның ізбасарлары, салық саласының басшылық қызметіндегі майталман мамандар Сәбит Бабанаев, Панаберген Якия, Фердауси Қожабергенов басқарған тұста табыстың тайқазанын тасытып, тиісті түсімдердің толықтығын қамтамасыз етті. Бюджеттің сапалы орындалуы жолында аянбай еңбек етіп, сүбелі жетістіктерге жеткен болатын.

Ашылған күннен бастап салық комитеті кадр дайындау мектебіне айналды. Салық саласында тәрбиеленген Базарханның ізбасарлары республиканың түкпір-түкпірінде белді қызметтер атқарып жүр, олар – біздің мақтанышымыз.

2014 жылы Үкіметтің қаулысына сәйкес салық комитеті Қазалы ауданы бойынша кірістер басқармасы болып қайта құрылды. Бүгінде аталған мекеменің тізгінін білікті басшы, білімді маман Темірлан Нұрланұлы Қожаназаров ұстап, Базархан Төрекұлұлы салып кеткен сара жолдан таймай келе жатқанына ел куә.

Облыстық кірістер департаментінің басқарма басшысы Базархан Төрекұлұлы Ақжігітовтің өмірден өткеніне қырық күндей болыпты. Не деген зымырап жатқан уақыт десеңші?!

Тапжылмай атқарған еңбегінің нәтижесінде ол Қазақстан Республикасының Құрмет Грамотасымен, «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 10 жыл» мерекелік медалімен, «Қазақстан Республикасының қаржы саласына 90 жыл» төсбелгісімен марапатталды. «Үздік мемлекеттік қызметші», «Астанаға 20 жыл», «Ерен еңбегі үшін» медальдарына, «Салық қызметінің үздігі» атағына ие болды.

Жұбайы Шолпанмен бірге бір ұл, екі қыз тәрбиелеп өсірді. Базархан Төрекұлұлы оны білетіндер мен қызметтес болған жандардың жадынан өшпейді.

Кемал КӨПЖАСАР,
қаржы-салық
саласының ардагері

Жоба

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6-бабының 2-тармағының 8-3) тармақшасына және «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 27-бабына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы бекітілсін.

2. «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2020 жылғы 13 наурыздағы №184 қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 7300 нөмірімен тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. «Қызылорда облысының білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Б.М. Шаменоваға жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі **Г. Әбдіқалықова**

Қызылорда облысы әкімдігінің
2021 жылғы «____» _____ № _____ қаулысымен
бекітілген

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы

Р/с	Мамандық (біліктілік) атауы	Мамандық (біліктілік) коды	Жергілікті бюджет, орындар саны (күндізгі оқу нысаны)		Бір маманды оқытуға жұмсалатын шығыстардың орташа құны (мың теңге)
			9 сынып негізінде	11 сынып негізінде	
1	2	3	4	5	6
01120100 - Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту					464 686,6
1.	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының тәрбиешісі	4S01120102	30		
2.	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың қолданбалы бакалавры	5AB01120101		25	
01140100 - Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі					464 686,6
3.	Бастауыш білім беру мұғалімі	4S01140101	50		
01140200 - Музыкалық білім беру					464 686,6
4.	Мектепке дейінгі, бастауыш және негізгі орта білім берудің музыка мұғалімі	4S01140201	20		
01140300 - Көркем еңбек					464 686,6
5.	Көркем еңбек мұғалімі	4S01140301	20		
01140400 – Өзін-өзі тану					464 686,6
6.	Бастауыш және негізгі орта білім берудің өзін-өзі тану мұғалімі	4S01140401	25		
01140500 – Дене тәрбиесі және спорт					464 686,6
7.	Дене тәрбиесі мұғалімі	4S01140501	25		
8.	Спорт жаттықтырушысы - оқытушы	4S01140503	20		
9.	Дене тәрбиесі және спорт нұсқаушысы	4S01140504	20		
01140600 – Негізгі орта білім берудегі тіл мен әдебиетті оқытудың педагогикасы мен әдістемесі					464 686,6
10.	Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі	4S01140601	25		
11.	Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі	4S01140602	25		
12.	Шетел тілі мұғалімі	4S01140605	50		
01140700 - Информатика					464 686,6
13.	Бастауыш және негізгі орта білім берудің информатика мұғалімі	4S01140701	25		
02120300 - Өнеркәсіп өнімдерінің дизайны*					464 686,6
14.	Өнеркәсіп өнімдерінің дизайнері	4S02120304	25		
02150100 - Аспаптық орындау (аспап түрлері бойынша)					502 607,6
15.	Концертмейстер, балалар музыка мектебінің оқытушысы	4S02150101	2		
16.	Оркестр әртісі (дирижер), балалар музыка мектебінің оқытушысы	4S02150102	19		
17.	Халық аспаптар оркестрінің әртісі (дирижер), балалар музыка мектебінің оқытушысы	4S02150103	25	7	
02150300 - Вокалдық өнер					502 607,6
18.	Академиялық ән салу әртісі, балалар музыка мектебінің оқытушысы	4S02150301	10		
19.	Дәстүрлі ән салу әртісі, балалар музыка мектебінің оқытушысы	4S02150302	5		
02150400 – Хорды дирижерлау					502 607,6
20.	Хормейстер, оқытушы	4S02150401	10		
02150700 – Хореографиялық өнері					502 607,6
21.	Би ансамбілінің әртісі	4S02150702	10		
04130200 - Логистика (салалар бойынша)					470 520,6
22.	Экспедитор	4S04130202	20		
05220100 - Экология және табиғатты қорғау қызметі (түрлері бойынша)					470 520,6
23.	Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың технигі	4S05220102	15		
05320100 - Геологиялық суретке түсіру, пайдалы қазба кен орындарын іздеу мен барлау (түрлері бойынша)					502 607,6
24.	Техник-геолог	4S05320103	25		
05320200 - Пайдалы қазба кен орындарын іздеу мен барлаудың технологиясы мен техникасы					502 607,6
25.	Бұрғылау қондырғысының машинисі	3W05320202	25		
06120200 - Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері*					516 711,5
26.	Аппараттық және бағдарламалық қамтамасыздандыруды қорғау операторы	3W06120201	25		
27.	Ақпараттық қауіпсіздік технигі	4S06120202	25	20	
06130100 - Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)*					470 520,6
28.	Бағдарламалық қамтамасыздандыруға қызмет көрсету және тестілеу бойынша технигі	4S06130104	25		
29.	Ақпараттық жүйелер технигі	4S06130105	25	25	
07110400 - Зертханалық технология					464 686,6
30.	Техник-лаборант	4S07110404	20		
07130100 - Электр жабдықтары (түрлері және салалары бойынша)					502 607,6
31.	Электромонтер (түрлері және салалары бойынша)	3W07130101	25		
32.	Электр жабдықтарын жөндеу жөніндегі электр слесарі (түрлері және салалары бойынша)	3W07130102	25		
33.	Техник-электрик	4S07130103		25	
07130200 - Электрмен қамтамасыз ету (салалар бойынша)					502 607,6
34.	Электр монтаждаушы (салалар бойынша)	3W07130201	25		
35.	Техник-электрик	4S07130202	50		
07130300 - Жылу электр станцияларының жылу энергетикалық қондырғылары					502 607,6
36.	Қазандық жабдығы бойынша қараушы-машинисі	3W07130301	25		
37.	Техник-энергетик	4S07130303	25		
07130400 - Жылу техникалық жабдықтар және жылу мен жабдықтау жүйелері (түрлері бойынша)					502 607,6
38.	Қазандық және шаң дайындау цехтарының жабдықтарын жөндеу жөніндегі слесарь	3W07130402	25		
07130700 - Электромеханикалық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану (түрлері және салалары бойынша)*					502 607,6
39.	Техник-электромеханик	4S07130704		25	
07140500 - Сандық техника (түрлері бойынша)					470 520,6
40.	Электронды және сандық техникаларға қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі механик	3W07140502	20		
41.	Техник-электронщик	4S07140504		20	
07140700 - Автоматика, телемеханика және темір жол көлігіндегі қозғалысты басқару					502 607,6
42.	Сигнал беру, орталықтандыру және бұғаттау құрылғыларына қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі электромонтер	3W07140702	20		
43.	Техник-электромеханик	4S07140703		20	
07140900 - Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар					470 520,6
44.	Телекоммуникациялық жабдықтар мен байланыс арналарын электромонтаждаушы-реттеуші	3W07140901	25		
07150300 - Токарлық іс (түрлері бойынша)*					502 607,6
45.	Токарь	3W07150301	40		
46.	Фрезерлеуші	3W07150302	20		
07150500 - Дәнекерлеу ісі (түрлері бойынша)*					470 520,6
47.	Электргазымен дәнекерлеуші	3W07150501	100		
07150600 - Слесарлық іс (салалар және түрлері бойынша)*					502 607,6
48.	Жөндеуші-слесарь	3W07150601	80		
49.	Авариялық-қалпына келтіру жұмыстарының слесары	3W07150602	20		
07160500 - Темір жолдың жылжымалы құрамын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету					502 607,6
50.	Локомотивті жөндеу жөніндегі слесарі (түрлері бойынша)	3W07160502	20		
51.	Техник-электромеханик	4S07160503	20		
07161300 - Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану*					548 798,5
52.	Автомобиль жөндеу слесарі	3W07161301	60		
53.	Автомобиль электр жабдықтарын жөндеу жөніндегі электрик	3W07161302	25		
54.	Автомобиль көлігін жөндеу шебері	3W07161303	75		
55.	Техник-механик	4S07161304		20	
07161600 - Ауыл шаруашылығын механикаландыру*					516 711,5
56.	Ауыл шаруашылығы техникасын жөндеу шебері	3W07161602	50		
57.	Ауыл шаруашылығы өндірісінің тракторист-машинисі	3W07161603	50		
58.	Техник-механик	4S07161604		25	
07161700 - Ауыл шаруашылығы техникасын пайдалану, техникалық қызмет көрсету және жөндеу*					516 711,5
59.	Механикаландырылған фермалар мен мал өсіру кешенінің операторы	3W07161701	25		
60.	Еңбекті көп қажет ететін процестерді механикаландыру жөніндегі техник	4S07161702	20		
07210200 - Сүт және сүт өнімдерін өндіру*					470 520,6
61.	Техник-технолог	4S07210203		25	
07210900 - Балық өндірісі*					516 711,5
62.	Техник-технолог	4S07210902	25		
07220100 - Құрылыс бұйымдары мен конструкцияларын өндіру					502 607,6
63.	Металл-пластик өнімдерін жасау және монтаждау шебері	4S07220104	25		
07221400 - Жиһаз өндірісі*					502 607,6
64.	Ағаштан жасалған бұйымдарды құрастырушы	3W07221402	20		
65.	Ағаш және жиһаз өндірісінің шебері	3W07221405	20		
07230100 - Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу*					502 607,6
66.	Арнайы тігінші	3W07230102	100		
67.	Киім конструкторы	3W07230104	25		
68.	Техник-технолог	4S07230107	25		
07240100 - Пайдалы қазбалардың кен орындарын жер астында өңдеу					548 798,5
69.	Жер асты тау-кен жұмысшысы	3W07240101	25		
07240300 - Пайдалы қазбалар кен орындарын ашық қазу					548 798,5
70.	Экскаватор машинисі	3W07240301	20		
07310100 - Архитектура					548 798,5
71.	Техник-жобалаушы	4S07310102		20	
07320100 - Ғимараттар мен құрылыстарды салу және пайдалану*					548 798,5
72.	Ағаш ұстасы және паркет жұмыстарының шебері	3W07320102	75		
73.	Құрғақ құрылыс шебері	3W07320103	25		
74.	Кең бейінді құрылыс жұмыстарының шебері	3W07320104	150		
75.	Құрылыс-әрлеу жұмыстарының шебері	3W07320105	75		
76.	Техник-құрылысшы	4S07320106		20	
07321100 - Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілерінің инженерлік жүйелерін монтаждау және пайдалану*					548 798,5
77.	Слесарь- сантехник	3W07321101	25		
78.	Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілерінің инженерлік жүйелеріне қызмет көрсету шебері	3W07321102	20		
79.	Инженерлік жүйелерді монтаждау және пайдалану технигі	4S07321103		20	
07321200 - Газбен қамтамасыз ету жабдықтары мен жүйелерін құрастыру және пайдалану*					548 798,5
80.	Газ құбырларын пайдаланужәне жөндеу слесарі	3W07321201	25		
81.	Газ объектілері құрал-жабдығын пайдалану технигі	4S07321202		25	
07321400 - Гидротехникалық мелиорация					548 798,5
82.	Гидромелиоратор-техник	4S07321402		25	
08110100 - Агрономия*					516 711,5
83.	Агроном	4S08110103		25	
08110300 - Жеміс-көкөніс шаруашылығы*					516 711,5
84.	Жеміс өсіруші	3W08110304	40		
08110500 - Зоотехния					516 711,5
85.	Зоотехник	4S08110504		25	
08110700 - Балық шаруашылығы (түрлері бойынша)*					516 711,5
86.	Техник-балық өсіруші	4S08110703		25	
08410100 - Ветеринария*					516 711,5
87.	Жануарлар мен құстарды жасанды ұрықтандыру операторы	3W08410102	25		
88.	Ветеринарлық санитар	3W08410103	25		
89.	Ветеринарлық фельдшер	4S08410105		25	
09110100 - Стоматология					502 607,6
90.	Дантист	4S09110102	25		
09120100 - Емдеу ісі					502 607,6
91.	Фельдшер	4S09120101	50		
09130100 - Мейіргер ісі					502 607,6
92.	Жалпы практикадағы мейіргер	4S09130103		50	
93.	Мейіргер ісінің қолданбалы бакалавры	5AB09130101		75	
09130200 - Акушерлік іс					502 607,6
94.	Акушер	4S09130201		25	
09140100 - Лабораториялық диагностика					502 607,6
95.	Медициналық зертханашы	4S09140101	25		
09160100 - Фармация					502 607,6
96.	Фармацевт	4S09160101		25	
10130300 - Тамақтандыруды ұйымдастыру*					548 798,5
97.	Аспазшы	3W10130302	50		
98.	Технолог	4S10130303	25		
10320200 - Төтенше жағдайда қорғау (салалар бойынша)					548 798,5
99.	Құтқарушы	3W10320201	25		
Барлығы:			2486	622	

Ескерту:
* ерекше білім беруді қажет ететін азаматтардың арасынан кадрлар даярлау қарастырылатын мамандық.

Ризашылығымды білдіремін

Ақ халатты абзал жандар – адам жанының арашашысы. Ауырсақ, ең бірінші осы кісілерге жүгінеміз. Көптен бері қан қысымым көтеріліп, жүрек ауруы мазалайтын. Қазіргі уақытта көпбейінді облыстық аурухананың күндізгі емдеу бөлімшесінде ем-дом қабылдап жүрмін. Бөлімше дәрігерлері мен мейірбикелері дертіне ем іздеп келген науқастарға жылы қабақ танытып, ем-домын жасауда. Төл мерекелері қарсаңында бөлімшенің терапевт-дәрігері Искакова Гүлбану Жанайдарқызына, мейірбике Гүлайым Дүйсенбаеваға, тазалықшы Эльмира Сәменоваға ризашылығымды білдіріп, отбасыларына амандық, дендеріне саулық, елдің ыстық ықыласына бөлене беріңіздер деген аналық тілегімді білдіремін.

Күлайша ҚАЛМАНОВА,
емделуші

Мұралық істің ашылғанын хабарлайды

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Досжанов Жанымбек Нурекеевич (лицензия №0000101 21.06.2005 ж.) 2021 жылдың 30 сәуірінде қайтыс болған азаматша Бегалиева Гульмира Темиршеевнаның атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлері болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда қ., Абай даңғылы 62/2, тел.: 23 15 88, 8 777 271 51 48 .

2021 жылдың III тоқсанына арналған Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясы төрағасының және комиссия мүшелерінің жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау кестесі

р/с	Жеке және заңды тұлғаларды қабылдаушылардың аты-жөні, тегі	Жеке және заңды тұлғаларды қабылдаушылардың лауазымы	Жеке және заңды тұлғаларды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік мекеменің мекен-жайы	Байланыс телефоны
1	Құлымбетова Сауле Ибрагимқызы	Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясының төрағасы	Сәрсенбі сағ. 16.00-18.00	Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, құрылыс № 1, Облыстық мекемелер үйі, № 136 «а» каб.	60-54-66
2	Сатлабаев Мирамбек Ахметұлы	Комиссия мүшесі	Дүйсенбі сағ. 16.00-18.00	Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, құрылыс № 1, Облыстық мекемелер үйі, № 136 «б» каб.	60-54-66 (51-87)
3	Ильясов Талғат Ибрагімұлы	Комиссия мүшесі	Сейсенбі сағ. 16.00-18.00	Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, құрылыс № 1, Облыстық мекемелер үйі, № 132 каб.	60-54-64
4	Садуақасова Айгуль Аманханқызы	Комиссия мүшесі	Бейсенбі сағ. 16.00-18.00	Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, құрылыс № 1, Облыстық мекемелер үйі, № 134 каб.	60-54-65
5	Мұсабеков Роман Темірбекұлы	Комиссия мүшесі	Жұма сағ. 16.00-18.00	Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, құрылыс № 1, Облыстық мекемелер үйі, № 133 каб.	60-54-63

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік қызметі және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Заңнамаларының және Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің «Әдеп» кодексі талаптарының бұзылуына жол бермеуі және оның алдын алу мақсатында «Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясы» мемлекеттік мекемесінде 8 (7242) **60-54-66 (71-56)** «Сенім телефоны» жұмыс істейтінін хабарлайды.

Жаныңыз болсын жәннатта

Шаңырағымыздың құт-берекесі болған асыл жар, аяулы ана, немерелерінің сүйікті әжесі Өмірәліқызы Несіпкүлді осы жылдың 18 мамырында елімізде дендеген кесапат ауру ортамыздан алып кетті.

“Тумақ бар жерде, өлмек те бар” дегендей, бұл жағдай өз орнымен, ретімен келсе бойындағы өкінішің кемерінен тасымас еді ғой. Өлім түгілі өкпеге қимайтын ардақты анамыз жайлы естелік айтамыз деген ой-санамызға сыймайтын жай еді.

Қадірлі анамыз 1947 жылы Қазалы қаласында дүниеге келген. Қызылорда медициналық училищесін “Мейірбике” мамандығы бойынша үздік бітіріп, Қазалы ауданында және Қызылорда қаласындағы денсаулық сақтау саласында абыройлы қызмет атқарып, 2005 жылы құрметті зейнет демалысына шықты. Аяулы жан ұл-қыздарынан өрбіген немерелеріне тәлімді тәрбиесін беріп, болашақтарына, елдің нағыз азаматы болудың жолдарына бағыт-бағдар беріп отырушы еді. Өмірден өтсе де көңілден өшпейтін аяулы анамыздың жарқын бейнесі ешқашан ұмытылмақ емес. Жатқан жерің жайлы, иманың жолдас болсын.

Аяулы анамыз Несіпкүл Өмірәліқызының қырық күндік садақасы 25 маусым күні өз шаңырағында беріледі. Оқылатын құран аяттары қабірін нұрландырып, орны пейіштің төрінен бұйырса дейміз.

Еске алушылар:
Жәниевтер әулеті

ӨМІРДІҢ ӨЗІНЕН

Қызыл гүлді дәптер

Балалық шағымыз Тәуелсіздіктің алғашқы онжылдығындағы кезеңмен тұспа-тұс келді. Қалаған дүниеге қол жеткізу қиындау еді. Ауылда дүкен бірен-саран, зат аз. Оның өзі қарызға өтетін немесе айырбас жасалатын. Тұрғындар керектіні аудан орталығынан тасиды. Онда да жалғыз сары автобус үш мезгіл қатынайды.

Sb Сара АДАЙБАЕВА, «Сыр бойы»

Бастауыш сыныпты бітірген кезім. Жоғарылаған сайын сабақ күрделене түседі екен. Кітап алып, оқу құралдарын түгендей бастадым. Бір үйден 5 бала сабаққа барамыз. Молынан алу жоқ. Әр құралды ұқыптап, үлкеннен қалғанды кішіміз тұтынамыз.

Бірде оқу құралын түгендеу үшін базарға бардық. Ол кезде табыс көзі – әкемнің егіні мен анамның мектептегі техқызметкерлік жалақысы. Сонда ата-анамыздың ешкімге алақан жайып, мұңайғанын көрген емеспіз. Азын-аулақ табысты «балалардың несібесі» деп отыратын.

Базарда адам қарасы көп. Бәрінің ізінде бірнеше баладан. Күнібұрын алып қоймасаң, жақындағанда әжептеуір ақша қосып сатады бұлар. Сондықтан ерте қамданады. Сөредегі қалындау, сыртында әдемі қызыл гүлі бар дәптерге көзім түсті. Тіпті, ойша әдебиетке арнаймын деп қойдым. Анама айтып едім ақшасы жетпеді де, айлықтан алып беруге уәде етті. Солай екеуміз ауылға қайттық.

Ойымнан қызыл гүлі бар дәптер кетер емес. Енді айлықты күтуім керек. Күн санап, ескі күнтізбедегі 28-ін қоршап қойдым. Анам да сезсе керек. «Алып беремін» дегенді көзімен ұқтырды.

Ақыры көптен күткен күн де жетті. Қуанышымда шек жоқ. Түс ауа мектепке жөнелдік. Ол тұста ақшаны қолма-қол беретін. Есепшінің бөлмесіне кіріп кеткен анамды тосып қалдым. Есік ашылғаннан орнымнан атып тұрдым. «Осыдан ертең болсын, таң атсын, 8-дегі автобустан қалмай, базарға барамыз» деген тәтті ойдың жетегінде келемін. Алдымыздан пошташы әрі дүкені бар Сақып апам шықты.

– Мұғалімдер айлық алыпты деп естідім. Рас болар, ә? – деп сұрады. Анам:

– Иә, – деп басын шұлғыды. Ішімнен «Бәрін бірінші сіз білесіз ғой? Білмегендей сұрайтыны несі? Баласы мектептің білдей мұғалімі» деп қоямын. Ол да іркілмеді. Дереу қарыз дәптерін шығарды. Ондағы қарызды төлеп, енді жолға шыға бергеніміз сол еді, көрші Қалдыбек қорасынан айғай салды. Ішім сезіп тұр. Өткенде әкем асарлатып отын түсірген. Сонда көршінің көк тракторын жалдаған. Пұлы болмай, анамның айлығынан беретін болып келіскен.

– Жеңеше, айлық алдыңыз ба? – деді ыржалақтап.

– Кел, Ақбала алдым. Қанша еді? – деп қолын қалтасына жүгіртті. «Ақбала дейді-ау», еріксіз мырс еттім. Анам «тыныш» деп қабағын түйді. Мұның жылтыраған тісі ғана ақ. Арсаландап жүгіріп келіп, ақшасын алып, көңілі көтеріліп, мұрнын бір тартты да жөніне кетті. Анама «үйге тез қайтайықшы, әйтпесе, мына айлықтан бір тиын қалатын түрі жоқ» дедім. Ойымда – қызыл гүлі бар дәптер.

Көрші Жанай апаның үйінің тұсына келгенде тағы тоқтадық.

– Өткенде шақырған жерге барғанда осы кісіден ақша алған едім. Қалай аттап кетемін? – деді. Сол үйге бұрылып, өткен-кеткен әңгімені айтып тұрып алды. Ақшасын беріп, шыға бергені сол еді, тұз сататын Күләй кезіге қалды. Аяғы-аяғына жұқпайтын келінді ауыл «Желаяқ» дейді. Олай атаудың да жөні бар. Ауылдың шетінен орталыққа күніге неше келіп кетеді. Шаршамайды өзі. «Қайдан ғана тап келдің? Бәрінің бүгін көшеге шыға қалғанын қарашы... Мектептен шыққаннан ақша сұрамаған адам қалмады. Жетпегені сен едің.» Білем, бұған да қарыз. Әкем өткенде өзімді жұмсап тұз алдырған.

– Жеңше, – деді жұлып алғандай. – Мына қызыңыз өткенде 5 келі тұз алған. Ақшасын бере салсаңыз. Үйде қант-май таусылып тұр еді, – деді.

Шыдамым таусылғаннан даусым қатты шығып кетсе керек, «тұзың өзіңе, тұзың өзіңе» дей беріппін. Анам еріксіз езу тартып, оның да пұлын берді.

Ұнжырғам түсіп, қызыл гүлді дәптер таусылып қалғандай күй кештім. Кешкі шайда күндізгі қылығымды айтып, ата-анам біраз күліп алды. Сосын маған «уайымдама, қызыл гүлді дәптеріңе ақша қалдырдым» деді. Бала көңілдің сондағы шаттанғанын көрсеңіз ғой...

SERGEK

ФУТБОЛ

Қазақстандық клубтардың футболдан еурокубок ойындарындағы қарсыластары анықталды. Чемпиондар лигасы мен Конференция кубогы алғашқы кезеңдерінің жеребесі тартылды.

Қазақстандық клубтардың қарсыластары анықталды

Алматының «Қайраты» UEFA Чемпиондар лигасы бірінші іріктеу кезеңінде Израильдің «Маккаби» (Хайфа) клубымен кездеседі.

Ал Конференция кубогына Қазақстаннан Қостанайдың «Тобыл», елордалық «Астана» және Қарағандының «Шахтер» командалары қатысады. Айта кетсек, аталған турнир биыл тұңғыш рет өткізілмек. Оған UEFA рейтингінде 24-орыннан төмен орналасқан командалар қатысады.

Алғашқы кездесуінде «Тобыл» Хорватияның «Хайдук», «Астана» Грекияның «Арис», «Шахтер» Румынияның «Стяуа» клубтарымен шеберлік байқасады. Ойындар 22 және 29 маусым күндеріне белгіленген.

ТЕННИС

Тәжікстанның Душанбе қаласында теннистен 18 жасқа дейінгі спортшылар арасында өткен халықаралық турнирде жерлесіміз Ерасыл Ерділда күміс жүлдеге ие болды.

Қызылордалық теннисші күміс алды

Ол жекелей сында финалға дейін қарсыластарын айқын басымдықпен жеңді. Тек финалда ресейлік спортшыға есе жіберіп алды.

Е.Ерділда жасөспірімдер арасында ҚР құрама команда мүшесі, республикалық, халықаралық жарыстардың жеңімпазы және жүлдегері. Оған қоса Еуропа кубогының жеңімпазы, жасөспірімдер арасында ҚР чемпионы және қола жүлдегері, ұлдар арасында командалық Азия чемпионы болған.

ВЕЛОСПОРТ

Көкшетау қаласында тас жолдағы велоспорттан жасөспірімдер арасында ел чемпионаты өтті.

Қоржында 7 жүлде

Дүбірлі бәсекеде №3 облыстық олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебінің шәкірттері облыс қоржынына 7 медаль салды.

Қызылордалық Аслан Силықбек 80 шақырымдық топтық жарыста жеңіс тұғырына көтерілсе, 52 шақырымдық топтық жарыста Санжар Магдеевке күміс, 10 шақырымдық жекелей жарыста Аружан Тоқбаеваға қола жүлде бұйырды. Ал 15 шақырымдық жұптық-командалық жарыста Бибінұр Бектаева мен Аружан Тоқбаева мәреге бірінші болып жетті.

Енді спортшылар 23-26 маусым аралығында Нұр-Сұлтан қаласында тректен өтетін Қазақстан чемпионатына қатысады.

«СБ» ақпарат

№16 қалалық кітапханада Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай «Парасат жолы» жобасы аясында «Қыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесі» атты тәрбие сағаты өтті.

«Қыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесі»

Қазақ қыз баланы «Тіршіліктің тірегі, әлемдегі ізгіліктің алтын діңгегі, жарық дүниедегі әдемілік пен сұлулықтың тәңірі» деп бағалаған. Сондықтан да қыз баланың тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген. Тәрбиелі, білімді, инабатты қыз – қоғамымыздың баға жетпес байлығы. Қыз – болашақ асыл жар, аяулы ана, ақылшы әже. «Отан отбасынан басталады» десек, сол әрбір кіші отанның ұйтқысы, берекесі болатын да әйел адам.

Қыз баланы тәрбиелеу – ұлтты тәрбиелеу деген сөз. Ұлттың бойындағы бар жақсы қасиеттерді, тілін, дінін, әдет-ғұрпын, салт-санасын, дәстүрін немересіне, одан шөбересіне жеткізіп, дамытушы – әрине, әйел-ана. Халқымыздың ырысты ынтымағын, береке-бірлігін, туыстың татулығын іске асыратын да, ұйымдастыратын да әйел-ана. «Ағайын тату болса, ас көп, абысын тату болса, ас көп» деген ұлағатты сөз осыдан туса керек.

Қазіргі кезде қыздарымыздың бірсыпырасының әрекеттерінен ұлттық психологиядан ауытқып бара жатқаны байқалады: ар сақтау, ұятты білу, үлкенді ардақтау, кішіні құрметтеу, адамды сыйлау ұмытылып барады. Дәстүрімізде болмаған сүреңсіз жағдайлар белең алды. Соңғы кезде бала тәрбиесіне «қоғам кінәлі» деген сөз жиі айтылады. Ал осы қоғам сіз бен бізден, ата-аналар мен ұстаздардан, тәрбиешілерден құралмай ма? Қазіргі кезде тәрбиеге не әсер етуі мүмкін? Қайтсек қыздарымызға дұрыс тәрбие бере аламыз, олардың ақылды, парасатты, өнегелі болуына қалай ықпал етеміз? Міне, шара барысында осындай сұрақтар төңірегінде ұлағатты ұстаздар Маржан Арысбаева, Рсалды Бершиева, «Облыстық салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығының» дәрігері Толқын Мұханбетқызы, «Сенім» емханасының мейірбикесі Фарида Жұмағұлова, «Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығының» тәрбиешісі Береке Жайлыбаева жас оқырмандарға өздерінің өмірлік тәжірибелерін бөлісті. Қыздарға зиянды әрекеттерден сақтану жолдары жайында ақылкеңестерін айтты.

Шынаркүл КҮЛМАҒАНБЕТОВА, №16 кітапхана кітапханашысы

ТАНЫМ

Билл Гейтс айтқан 7 өзгеріс

Microsoft корпорациясының негізін қалаушы Билл Гейтс бизнес жүргізу тәсілдеріне пандемия біраз өзгерістер әкелетінін мәлімдегені белгілі. Оның айтқан өзгерістері түгелімен біздің өмір сүріп жатқан қоғамызға сәйкес келе қоймауы мүмкін. Қанша дегенмен мемлекеттердің даму деңгейін салыстырсақ, біраз айырмашылықтар бар. Солай бола тұрса да, әйгілі кәсіпкердің COVID-тен кейінгі адамзатты күтіп тұрған 7 өзгерісі туралы ойларын назарларыңызға ұсынып отырмыз.

1. Қашықтан кездесу қалыпты іске айналады.

Егер пандемияға дейін клиент виртуалды түрде кездесуге ренжіп қалады деп алаңдаған болсаңыз, қазіргі жағдай кездесулер мен келісімдер жасау тәсілдерін біраз өзгертті деп санайды Гейтс.

2. Бағдарламалар тез дамиды.

Microsoft қожайыны онлайн кездесуге арналған бағдарламалар мен жабдықтарды жетілдіру жылдамдайтынын айтады. Алғашқы кезде бұған арналған бағдарламалармен қамтамасыз ету көңілден шықпағаны рас. Әйтсе де қазір көптеген инновациялар енгізілуде.

3. Компаниялар офистеріне жаңа көзқараспен қарайды.

Миллиардер қашықтан жұмыс істеу компанияларды өздерінің жылжымайтын мүліктерін пайдаланудың жаңа тәртіптерін енгізуіне ықпал ететінін айтады. Қашықтан жұмыс істеу барысында қызметкерлер офистеріне өте сирек бас сұғады. Сонымен қатар олар жұмысқа кезектесіп келіп тұратын болады. Бұл жағдай компанияларды офистерін тиімді пайдалану мақсатында жаңа шешімдерге баруына мәжбүр етеді.

4. Адамдардың қаланың орталық аудандарында тұруға деген құлшынысы кемиді. Қашықтан жұмыс жүргізгендіктен қаланың шеткері аудандарында тұрудың көптеген тиімділіктері бар. Орталық аудандардағы пәтерлерді жалдау ақысы өте жоғары. Ал шет аудандардағы пәтерлерге, керісінше, аз төлейсің дейді Билл Гейтс. Сондай-ақ онлайн жұмысты басқа қалада тұрып, сол жақтағы өз үйіңнен жүргізе беруге болады.

5. Адамдардың әріптестерімен араласуы азаяды. Енді, керісінше, жұмыстың жаңа режимі отбасына көбірек көңіл бөлуге мүмкіндік береді. Бойыңыздағы энергияны отбасы мүшелерімен, туыстарыңмен, достарыңмен бірге болуға көбірек жұмсайтын боласыз дейді миллиардер.

Пандемиядан кейін іссапарлар 50%-ке, офиске барып жұмыс жүргізу 30%-ке азаятын болады. Қызметкерлер немесе басшылық құрам іссапарларға өте қажетті жағдайларда ғана шығатын болады. Адамдар көптеген шаруаны қашықтан шеше беруге болатынын түсінген.

6. Әлем көпке дейін бұрынғы қалыпқа келмейді. Гейтс вакцинаның пайда болуы планетаны короновирустан бірден құтқара қалмайды деп есептейді. Қауіпті кесел ешқайда жоғалып кетпейді, болашақта оның жаңа ошақтары пайда болуы ықтимал. Бірақ бұл әлем барлық кезеңде карантиндік жағдайда қалады деген сөз емес. Алайда, пандемияны ауыздықтау коронавирусты барлық жерде бақылауға алып, вакцина бәріне бірдей қолжетімді болғанда ғана жүзеге асатын болады.

7. Келесі пандемия соншалықты қорқынышты бола қоймайды.

Бұл пандемия шындығында біраз үрей тудырғаны рас. Билл Гейтс жаңадан қауіпті вирус пайда болып жатса, оны ауыздықтау біраз жеңіл болады деп санайды. Адамзат пандемиямен күресте біраз тәжірибе жинақтады. Ол тәжірибе болашақта өз пайдасын береді. Тестілеу құралдары жақсарады. Алдағы уақытта бүгінгідей берекесіздіктерге жол бермейтін боламыз.

Қаракөз ШАЙЗАДА, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенті

Белкөлдегі құрмет

Қаланың шығысындағы Белкөл кенті жылма-жыл көріктеніп, жаңа ғимараттар, көшелер бой көтеруде. Мұндағы халыққа қызмет көрсететін орындар, сауда нысандары, емхана, дәріхана, балабақша алыстан көз тартады. Кентте көркейту, көгалдандыру қолға алынған.

Жақында кентте қоғам қайраткері, білікті ұстаз Мәлікаждар Айкөпешевтің атына көше беру рәсімі салтанатпен аталып өтті. Сырдың біртуар перзенті Мәлікаждар Қармақшыдағы Қызылтам елді мекенінен түлеп ұшқан. Қызылорда педучилищесін, одан соң пединститут-тың тарих факультетін бітірген бойда өзінің туған жерінде көп жыл ұстаздық қызмет атқарып, құрметке ие болды.

Біртуар азамат өмірінің соңғы жылдарында облыстық партия комитетінде, ауыл шаруашылығы басқармасында, нормативтік стансасында, облыстық агроөнеркәсіп комитетінде қызмет атқарды. Облыс шаруашылықтарында нарядсыз жұмыс істеу, мердігерлік әдісті қолдану жайында бірнеше ғылыми еңбектер жазды. «Қайнар» баспасынан шыққан «Облыс экономикасының жағдайы және күрделі мәселелері» атты кітабы шәкірттерге оқу құралы ретінде ұсынылды.

Ол «Құрмет белгісі» ордені, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, сондай-ақ, Тың игерудің 50 жылдығы, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы еңбегі үшін марапаттарға ие болған еді.

Ардагер зейнетке шыққан соң қоғамдық жұмыстарға белсене араласты. Ел ынтымағы, бірлік жайында әңгіме айтатын абыз ақсақалдардың бірі болды.

Көше атын беру жиынында сөз алған Н.Ұлықпанұлы, К.Омаров, қала, кент әкімшілігіне, ономастикалық комиссияға, ардагерлерге алғыс айтты.

Қайырбек МЫРЗАХМЕТҰЛЫ, Қазақстанның құрметті журналисі

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyi_kz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”. e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz Таралымы 27680 Тапсырыс №871 Кезекші редактор Ержан ҚОЖАСОВ